# Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы N 1478 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ялта қаласында 2009 жылғы 20 қарашада жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге мынадай: «Қазақстан Республикасы қант шикізатынан (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының 1701 позициясы бойынша) ендірілетін ақ қант шығарылған елді айқындау кезінде алғашқы төрт белгінің кез келгенінің деңгейінде тауар позициясының өзгеруінен көрінетін жеткілікті өңдеудің/қайта өңдеудің негізгі өлшемін қолдану құқығын өзіне қалдырады» деген ескертумен Келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы КЕЛІСІМ

Ресми куәландырылған мәтін

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісім (2011 жылғы 16 наурызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2011 ж., № 3, 31-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімді және 1995 жылғы 3 карашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

еркін сауда аймағының тиісінше және тиімді жұмыс істеу қажеттілігін ескере отырып,

тауарлардың еркін қозғалысы үшін жағдай жасау мақсатында,

тауарлардың шығарылған елін айқындаудың бірыңғай тәртібін белгілеуге ұмтыла отырып,
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсатында осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидасын қабылдайды.

## 2-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Келісімнің 4-бабына сәйкес күшіне енетін хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 3-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану мен түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындайтын даулы мәселелер Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі.

## 4-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.
Мемлекетішілік рәсімдерді кеш орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.
Осы Келісім бөлінбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады. Бұл жағдайда осы Келісім депозитарий мұндай хабарламаны алған күнінен бастап 6 айдан кейін бұл Тарапқа қатысты өз қолданысын тоқтатады.

## 5-бап

Осы Келісім ол күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжат беру жолымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.
Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Ялта қаласында 2009 жылғы 20 қарашада орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды . Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Әзірбайжан Республикасының Үкіметі үшін* *Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының Үкіметі үшін* *Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін* *Түрікменстан Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін* *Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін* *Украина Үкіметі үшін*

*Молдова Республикасының Үкіметі үшін*

## Тауарлардың шығарылған елін айқындау ЕРЕЖЕСІ

Осы Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімге қатысушы мемлекеттерде (бұдан әрі - Келісімге қатысушы мемлекеттер) шығарылатын және 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімде көзделген сауда режимі қолданылатын, осы мемлекеттер арасындағы сауда айналымында болатын тауарларға қатысты әрекет етеді.

Үшінші елдерден Келісімге қатысушы мемлекеттердің кедендік аумағына әкелінетін және бұл мемлекеттерден үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың шығарылған елін айқындау тәртібі Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен және олар қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттармен регламенттеледі.

## 1-бөлім. Терминдер мен ұғымдар

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147; 22.11.2016 № 720 қаулыларымен.

Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

**тауардың шығарылған елі** — осы Ережеге сәйкес тауар толық өндірілген немесе жеткілікті өңделген/қайта өңделген ел;

**тауарды жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемі** — тауарлардың шығарылған елін

айқындау өлшемдерінің бірі, оған сәйкес, егер тауарды өндіруге екі немесе одан да көп ел қатысатын болса, ол тауарға өзіне тән қасиеттерді беру үшін жеткілікті соңғы елеулі өңдеуге/қайта өңдеуге ұшыраған елден шығарылған болып саналады;

**кумулятивтік принцип** - тауарлардың шығарылған елін айқындау принципі, оған сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттерде тауарды дәйектілікпен өңдеу/қайта өңдеу нәтижесінде тауардың шығу тегі түпкілікті тауарды дайындау елі бойынша айқындалады;

**дайындау/өндіру** - мақсаты өнім алу болып табылатын құрастыруды немесе қандай да бір ерекше операцияларды қоса алғанда, өндірістік немесе технологиялық операциялардың кез келген түрлерін орындау;

**материал** — өнімді өндіру үшін пайдаланылатын кез келген ингредиент, шикізат, құрамдауыш немесе бөлшек және т.б.;

**шетелде шығарылған материал** - Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылмайтын материал немесе шығу тегі белгісіз материал;

**өнім (өндірілген зат)** - егер ол тіптен басқа өндірістік операцияда одан әрі пайдалануға арналған болса да дайындалған (өндірілген) өнім;

**өнімдер жиынтығы** - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы түсіндірмесінің 3-ші негізгі ережесіне сәйкес жиынтық ретінде жіктелетін элементтер/өнімдер тобы;

**тауар** — кедендік шекара арқылы өткізілетін (жолаушылар мен тауарлардың халықаралық тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдарын қоспағанда) материал, өнім ретіндегі кез келген мүлік, оның ішінде жылу, электр, энергияның өзге де түрлері және көлік құралдары;

**тауар партиясы** – бір жүк жөнелтушіден бір жүк алушының атына бір немесе бірнеше тауар-көлік құжаттарымен бір мезгілде жөнелтілетін тауарлар, сондай-ақ бір пошталық жүкқұжатымен қайта жіберілетін немесе шекараны кесіп өтетін бір тұлғаның қолжүгі ретінде өтетін тауарлар;

**сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы (бұдан әрі - СЭҚ ТН)** — 1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісімге сәйкес қолданылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

**франко-зауыт шарттарындағы баға** - кәсіпорнында франко-зауыт шарттарында соңғы өңдеу/қайта өңдеу жүргізілген дайындаушыға төленуге тиіс тауар бағасы;

**резидент** - тұратын жері, тұрақты болатын орны, басқару, тіркелу және құрылу орындары не кез келген осындай басқа сипаттама негізінде Келісімге қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша салық салынатын, заңды тұлға мәртебесі жоқ кез келген жеке және заңды тұлға, кәсіпорын. Алайда, көрсетілген ұғымда тек тауарларды өндіруге және/немесе сатуға байланысы жоқ операциялардан алынған

кіріске қатысты Келісімге қатысушы мемлекетте салық салынатын тұлғалар қамтылмайды;

**жүк жөнелтуші/жүк алушы** - тауар-көліктік құжаттарда көрсетілген, өзіне қабылдаған міндеттемелерге сәйкес тауарларды тасымалдаушыға/тасымалдаушыдан берген/қабылдаған немесе беруге/қабылдауға ниет білдірген тұлға;

**экспорттаушы** - Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің резидентіне тауар жеткізетін, сыртқы сауда шарты/мәміле тарабы болып табылатын, Келісімге қатысушы мемлекеттердің бірінің резиденті;

**импорттаушы** - Келісімге қатысушы мемлекетте Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің резиденті жеткізетін тауарды алатын, сыртқы сауда шарты/мәміле тарабы болып табылатын Келісімге қатысушы мемлекеттердің бірінің резиденті;

**өтініш беруші (декларант)** - тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген тауарлар туралы мәліметтердің дұрыстығын растайтын және ол үшін жауапты болатын, тауардың шығу тегі туралы сертификатты алу үшін әкету елінің уәкілетті органына (ұйымына) жүгінетін тұлға.

Экспорттаушылар, тауарды жүкпен жөнелтушілер немесе әкетуші елдің ұлттық заңнамасына сәйкес олардың мүдделерін білдіретін (сенімхаттың, тапсыру шартының және басқа да құжаттардың негізінде) тұлғалар өтініш берушілер (декларанттар) болып табылуы мүмкін.

Көрсетілген ұғымда импорттаушы, тауарды жүкпен алушы немесе әкетуші елдің ұлттық заңнамасына сәйкес олардың мүдделерін білдіретін (сенімхаттың, тапсыру шартының және басқа да құжаттардың негізінде) тұлғалар қамтылуы мүмкін;

**тауардың шығарылуы туралы сертификат** – уәкілетті орган берген және тауардың шығарылған елі туралы куәландыратын құжат;

**тауардың шығу тегі туралы декларация** — дайындаушы, сатушы немесе коммерциялық шотта не тауарға қатысы бар өзге де құжатта тауарды алып өтетін тұлға жасаған тауардың шығарылған елі туралы өтініш;

**орталық кеден органы** – Келісімге қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес кеден ісі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және нормативтік құқықтық реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын атқарушы билік органы;

**орталық уәкілетті орган** – Келісімге қатысушы мемлекет тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге уәкілеттік берген және осы мемлекеттің аумағында тауарлардың шығарылуын бірыңғай электронды сертификаттау жүйесін жүргізуді, сондай-ақ аталған жүйенің тиісінше жұмыс істеуіне бақылауды жүзеге асыратын орган (ұйым);

**уәкілетті орган** – Келісімге қатысушы мемлекет СТ-1 нысанындағы тауардың шығарылуы туралы сертификат беруге уәкілеттік берген орган (ұйым);

**тауарлардың шығарылуын электронды сертификаттау жүйесі** – Келісімге қатысушы

тиісті мемлекеттің аумағында уәкілетті органдар берген СТ-1 нысанындағы тауардың шығарылуы туралы сертификаттардың электронды нысандарының ақпараттық деректер базасын қамтитын Келісімге қатысушы мемлекеттің орталық уәкілетті органының ақпараттық жүйесі;

**тауардың шығу тегі туралы құжат** – тауардың шығу тегі туралы сертификат немесе тауардың шығу тегі туралы декларация;

**тексеруші (верификациялаушы) орган** – тауардың шығу тегі туралы құжаттарды беру негізділігін, оларда қамтылған мәліметтердің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ өндірушілердің осы Ережеде көзделген тауарлардың шығарылған елін айқындау өлшемшарттарын орындауын тексеруді жүзеге асыруға Келісімге қатысушы мемлекет уәкілеттік берген мемлекеттік орган.

## 2-бөлім. Тауарлардың шығарылған елін айқындау өлшемшарттары

Ескерту. 2-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147 қаулысымен.

2.1. Осы Ережеге сәйкес аумағында тауар толығымен өндірілген немесе жеткілікті өңдеуге/қайта өңдеуге тартылған Келісімге қатысушы мемлекет тауар шығарылған ел болып есептеледі.

2.2. Мыналар Келісімге қатысушы мемлекетте толығымен өндірілген тауар болып саналады:

а) осы елдің аумағындағы жер қойнауынан, оның аумағында не оның аумақтық теңізінде (елдің өзге де су тоғанында) немесе оның түбінен не осы елдің аумағындағы атмосфералық ауадан өндірілген табиғи ресурстар (пайдалы қазба байлықтары және минералды өнімдер, су, жер ресурстары, атмосфералық ауа ресурстары);

б) осы елде өсірілген және/немесе жиналған өсімдік тектес өнім;

в) осы елде туылған және өсірілген тірі жануарлар;

г) осы елде өсірілген жануарлардан алынған өнім;

д) осы елде аңшылық және балық аулау кәсіпшілігінің нәтижесінде алынған өнім;

е) осы елдің не ол жалға алған (кіреге берілген) кемесі алған теңізде балық аулау кәсіпшілігінің өнімі мен теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімі;

ж) осы елдің қайта өңдеуші кемесінің бортында «е» тармақшада көрсетілген өніммен ғана алынған өнім;

з) осы елдік сол теңіздің түбін немесе сол теңіздің қойнауын игеруге арналған ерекше құқықтары болған жағдайда, осы елдің аумақтық теңізінен тыс жерлердегі теңіз түбінен немесе теңіз қойнауынан алынған өнім;

и) өндірістік немесе қайта өңдеу жөніндегі өзге де операциялар нәтижесінде алынған қалдықтар мен сынықтар (қайталама шикізат), сондай-ақ сол елде құрастырылған және тек шикізатқа қайта өңдеу үшін ғана жарамды, бұрын

пайдалануда болған бұйымдар;

к) осы елге тиесілі не ол жалдаған (кіреге алған) ғарыш кемелерінде ашық ғарышта алынған жоғары технологиялар өнімі;

л) осы тармақтың «а»-«к» тармақшаларында көрсетілген өнімнен осы елде дайындалған тауарлар.

2.3. Келісімге қатысушы мемлекетте дайындалған тауардың шығарылған елін айқындау мақсаттары үшін қандай да бір тауарды дәйекті өңдеу/қайта өңдеу кезінде оның шығу тегін айқындайтын кумулятивтік принцип қолданылуы мүмкін.

Егер Келісімге қатысушы мемлекеттердің бірінде түпкілікті тауар өндірісінде Келісімге қатысушы басқа мемлекеттен немесе мемлекеттерден шығарылатын, СТ-1 нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатпен (сертификаттармен) (бұдан әрі - СТ-1 нысанындағы сертификат немесе сертификат) расталған және Келісімге қатысушы басқа мемлекетте немесе мемлекеттерде кейіннен кезең-кезеңімен өңдеуге/қайта өңдеуге ұшырайтын материалдар пайдаланылса, онда аумағында тауар соңғы рет өңдеуге/қайта өңдеуге ұшыраған ел осындай тауарды шығарған ел болып есептеледі.

Материалдардың Келісімге қатысушы басқа мемлекеттерде шығарылғаны туралы СТ-1 нысанындағы сертификат (сертификаттар) болмаған жағдайда түпкілікті тауар шығарылған елді айқындау жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемі (осы Ереженің 2.4-тармағының «а», «б», «в» тармақшалары) негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Тауар өндіруге Келісімге қатысушы мемлекеттерден басқа үшінші елдер қатысқан жағдайда тауардың шығарылған елі тауарды жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшеміне сәйкес айқындалады.

Жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемін мынадай шарттардың орындалумен көрсетуге болады:

а) өңдеу/қайта өңдеу нәтижесінде болған алғашқы төрт белгінің тым болмаса біреуінің деңгейінде СЭҚ ТН бойынша тауар позициясының өзгеруі;

б) қажетті шарттарды, өндірістік және технологиялық операцияларды орындау, оларды орындау кезінде тауар аумағында осы операциялар орын алған елден шығарылған болып есептеледі;

в) адвалорлық үлес ережесі, мұнда шетелден шығарылған пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының тіркелген проценттік үлесіне жетеді.

Алғашқы төрт белгінің тым болмаса біреуінің деңгейінде СЭҚ ТН бойынша тауар позициясының өзгеруі жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемінің негізгі шарты болып табылады. Бұл шарт Шарттардың, оларды орындаған кезде тауар осы операциялар орын алған елден шығарылған деп есептелетін өндірістік және технологиялық операциялардың тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) қосылған тауарларды қоспағанда (осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымша), барлық тауарға қатысты қолданылады.

Бұл Тізбеге шарттардың бірі ретінде адвалорлық үлестің ережесі дербес те, осы

тармақтың «б» тармақшасында баяндалған өзге де қажетті шарттарды, өндірістік және технологиялық операцияларды орындаумен үйлестіріліп те қамтылуы мүмкін.

Егер адвалорлық үлес ережесі қолданылған жағдайда, құндық көрсеткіштер былайша есептеледі:

шетелде шығарылған материалдар үшін - мұндай материалдарды аумағында түпкілікті тауарды өндіру жүзеге асырылатын елге әкелген кезде олардың кедендік құны бойынша немесе түпкілікті тауарды өндіру жүзеге асырылатын елдің аумағында оларды алғаш рет сатудың құжатпен расталған бағасы бойынша;

түпкілікті тауар үшін - франко-зауыт шарттарындағы баға бойынша.

2.5. Тауардың шығарылған елін жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшеміне сәйкес айқындау мақсатында Келісімге қатысушы мемлекеттерден шығарылатын материалдар шетелде шығарылған материалдар ретінде қаралмайды және түпкілікті тауар өндірілген елден шығарылғандарға теңестіріледі.

2.6. Тауарлардың шығарылған елін жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшеміне сәйкес айқындау кезінде құны франко-зауыт шарттарындағы түпкілікті тауар бағасының 5 %-інен аспайтын және мұндай материалдар түпкілікті тауарды өндіру кезінде қажетті құрамдауыш болып табылатын жағдайда (Тізбеде олар үшін басқа шарттар көрсетілген тауарларды қоспағанда), Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес берілген тауардың шығу тегі туралы қорытындыда немесе сараптама актісінде осы шарттардың орындалуын міндетті түрде растай отырып, түпкілікті тауармен бірдей тауар позициясы бар (алғашқы төрт белгі деңгейінде) шетелде шығарылған материалдарды пайдалануға рұқсат беріледі.

2.7. Егер шығу тегі осы Ереженің шарттарына жауап беретін өнім басқа тауар өндірісінде пайдаланылса, онда осы өнімді өндіру үшін пайдаланылған материалдарға қолданылатын шығару тегіне қатысты талаптар тауардың шығарылған елін айқындау кезінде ескерілмейді.

## 3-бөлім. Тауарды жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшеміне сай келмейтін операциялар

3.1. Мыналар тауарды жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшеміне сай келмейтін деп саналады:

а) сақтау немесе тасымалдау уақытында тауардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

б) тауарды сатуға және тасымалдауға дайындау жөніндегі операциялар (лектерді бөлу, жөнелтімдерді қалыптастыру, сұрыптау, қайта орау), орамаларды бөлшектеу және құрастыру жөніндегі операциялар;

в) жуу, тазалау, шаңнан тазарту, тотық, май және басқа да заттарды жағу;

г) тоқыманы үтіктеу немесе нығыздау (талшықтар мен иірім жіптердің кез келген

түрлері, талшықтар мен иірім жіптердің кез келген түрлерінен жасалған тоқыма-мата материалдары мен олардан жасалған бұйымдар);

д) бояу немесе жылтырату жөніндегі операциялар;

е) дәнді дақылдар мен күріштің қабығын аршу, ішінара немесе толығымен ағарту, тегістеу мен жылтырату;

ж) қантты бояу немесе кесек қант жасау жөніндегі операциялар;

з) жемістердің, көкөністер мен жаңғақтардың қабығын аршу, дәндерін алу және бөлу;

и) алынған құрамдауыштардың бастапқы тауардан елеулі айырмашылығына әкелмейтін тауарларды қайрау, тарту немесе кесу;

к) елеуіш немесе елек арқылы елеу, сұрыптау, жіктеу, іріктеу, таңдау (оның ішінде бұйымдар жиынтықтарын құрастыру);

л) банкілерге, сауыттарға, қаптарға, жәшіктерге, қораптарға құю, буып-түю және орау жөніндегі басқа да қарапайым операциялар;

м) тауарларды қарапайым құрастыру операциялары немесе оларды бөлшектеу;

н) алынған құрамдауыштардың бастапқы өнімнен елеулі айырмашылығына әкелмейтін өнімді құрамдауыштарға бөлу;

о) алынған өнімнің бастапқы құрамдастарынан елеулі айырмашылығына әкелмейтін өнімдерді (құрамдауыштарды) араластыру;

п) жануарларды сою, етті бөлу (сұрыптау);

р) жоғарыда көрсетілген операциялардың екеуінің немесе одан астамының комбинациясы.

3.2. Егер қандай да бір тауарға қатысты жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемін (осы Ереженің 2.4-тармағы) орындауға осы Ереженің 3.1-тармағында санамаланған операцияларды жүргізу есебінен ғана қол жеткізілетін болса, бұл тауар мұндай операциялар орын алған елден шығарылған деп есептелмейді.

## 4-бөлім. Тауардың шығарылған елін айқындау ерекшеліктері

4.1. СЭҚ ТН бойынша тауарларды жіктеу ережесіне сәйкес дербес жіктеу объектісі ретінде айқындалатын қандай да бір өнім жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемін қолдану объектісі болып табылады. Өнімдер жиынтықтарының шығу тегін айқындаған жағдайда жиынтықтың құрамына кіретін әрбір жеке элемент жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемін қолдану объектісі ретінде қаралады.

Тиісінше:

элементтер тобынан тұратын немесе бірқатар бөлшектерден жинақталған және СЭҚ ТН ережелеріне сәйкес бірыңғай тауар ретінде жіктелетін өнім, тұтастай алғанда, жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемі қолданылатын объект ретінде қаралады;

егер тауарлар легі СЭҚ ТН-нің бір тауар позициясында жіктелетін ұқсас өнімдерден

тұрса, онда әрбір өнім жеткілікті өңдеу/қайта өңдеу өлшемін қолдану мақсаттары үшін жеке қаралуға тиіс;

егер СЭҚ ТН түсіндірмесінің 5-ші негізгі ережесіне байланысты орамы оның ішіндегі өнімдермен бірге жіктелсе, онда орам осы тауардың шығу тегін айқындау кезінде тауардың құрамдас бөлігі ретінде қаралуға тиіс.

4.2. Бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі (егер өндірістік немесе көліктік жағдайлар бойынша оларды бір лекпен жөнелту мүмкін болмаса, сондай-ақ егер, қателік немесе мекенжайдың дұрыс болмауы нәтижесінде бірнеше лекке бөлінсе, бірнеше лекпен жеткізілетін) тауарлардың шығарылған елін айқындау кезінде декларанттың қалауы бойынша бірыңғай тауар ретінде қаралуы мүмкін.

Мыналар осы Ережені қолдану шарттары болып табылады:

мұндай бөлшектеудің себептерін көрсете отырып, СЭҚ ТН-ге сәйкес тауарлардың кодтарын, әр лекке кіретін тауарлардың құны мен шығарылған елін, сондай-ақ тауарды бөлшектеудің қате екенін құжаттамалық растаумен қателік немесе мекенжайдың дұрыс болмауы нәтижесінде тауарды бірнеше лекке бөлу туралы хабарламаны көрсете отырып, әр лектің егжей-тегжейлі ерекшеліктерімен қоса бөлшектелген немесе құрастырылмаған тауарды бөлу туралы әкелуші елдің кеден органын алдын ала хабардар ету;

барлық лектерді бір елден бір экспорттаушының жеткізуі; тауардың барлық лектерін бір кеден арқылы әкелу және ресімдеу;

тауардың барлық легін кеден декларациясы қабылданған күнінен бастап алты айдан аспайтын мерзімде жеткізу.

4.3. Тауардың шығарылған елін айқындау үшін оның өндірісінде пайдаланылатын жылу және электр энергиясының, машиналардың, жабдықтардың және құрал-саймандардың, сондай-ақ түпкілікті тауар құрамына енбейтін және оған енгізуге арналмаған өнімдердің шығу тегі есепке алынбайды.

4. Егер бұл құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар, әдетте осы құрылғылармен бірге жеткізілетін жоғарыда көрсетілген машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бір жиынтықта және мөлшерде әкелінсе және сатылса, машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бірге пайдалануға арналған құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар, машиналар, жабдық, аппараттар немесе көлік құралдары шығарылған елде шығарылған болып есептеледі.

5. Орам тауардан бөлек декларациялануға тиіс жағдайларды қоспағанда, тауар кедендік аумаққа әкелінетін орам тауардың өзі шығарылған елде шығарылған болып есептеледі. Бұл жағдайда орам шығарылған ел бөлек айқындалады.

Егер тауар кедендік аумаққа әкелінетін орам тауардың өзі шығарылған елде шығарылған болып есептелсе, онда тауардың шығарылған елін айқындау мақсатында тауар әдетте бөлшек саудада сатылатын орам ғана, оның ішінде осы Ереженің 2.4-

тармағының «в»-тармақшасына сәйкес адвалорлық үлес ережесін қолдану кезінде ескеріледі.

4.6. Өнімдер жиынтығының шығарылған елін айқындау кезінде франко-зауыт шарттарында өнімдер жиынтығы бағасының 15 %-інен аспаған жағдайда, Келісімге қатысушы мемлекеттерде шығарылмаған, жиынтықтың құрамындағы элементтерді немесе өнімдерді пайдалануға рұқсат етіледі.

## 5-бөлім. Еркін сауда режимін ұсыну

5.1 Егер:

а) тауар Келісімге қатысушы бір мемлекеттің резиденті мен Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің резиденті арасындағы шарт/келісімшарт негізінде Келісімге қатысушы бір мемлекеттің кедендік аумағынан әкетілсе және Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің кедендік аумағына әкелінсе. Осы Ереженің 8.5 және 8.6-тармақтарында көрсетілген жағдайларда, мұндай шарт тауар әкетілгеннен кейін жасалуы мүмкін;

б) тауарға меншік құқығы сыртқы сауда шартына/мәмілесіне сәйкес, сондай-ақ Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Келісімге қатысушы мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлғаға тиесілі болса;

в) тауарды Келісімге қатысушы мемлекеттің резиденті – жеке тұлға Келісімге қатысушы бір мемлекеттің кедендік аумағынан Келісімге қатысушы басқа мемлекеттің кедендік аумағына (аумағынан) әкетсе (әкелсе);*

г) аумақтары арқылы тауарды жеткізу жүзеге асырылатын елдердің кеден органдары құжат жүзінде растаған, кедендік бақылауда тұрған немесе үшінші елдердің аумағы арқылы кедендік бақылаумен алып өтілетін жағдайларды қоспағанда, Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылмаса. Бұл ретте тауардың сақталуы мен қайта тиелуін қамтамасыз ету жөніндегі операцияларды қоспағанда, тауар өзгеріссіз жағдайда болуға тиіс және оған қандай да бір операциялар жүргізілмеуге тиіс;

д) тауар осы Ережеде белгіленген тауарлардың шығарылған елін айқындау келісімшарттарына сәйкес келсе;**

е) тауарға қатысты осы Ереженің 6.1 немесе 6.2-тармақтарына сәйкес тауардың шығу тегі туралы құжат ұсынылса, тауар Келісімге қатысушы мемлекеттердің кедендік аумақтарында еркін сауда режимін пайдаланады.

Ескерту. 5-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.11.2016 № 720 қаулысымен.

5.2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.11.2016 № 720 қаулысымен.

5.2. Шығу тегі белгіленбеген немесе шығу тегі белгіленген, бірақ бұл ретте осы мақсаттар үшін қажетті құжаттардың болмауы салдарынан оларға қатысты еркін сауда

режимін қолдануға болмайтын тауарлар әкелуші елдің тарифтік және тарифтік емес реттеу талаптарына сәйкес әкелуші елге жіберіледі.

Ескерту. 5-3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.11.2016 № 720 қаулысымен.

5.3. Кедендік декларация әкелуші елінде (СТ-1 нысандағы сертификат қолдан жасалған жағдайлардан басқа) тіркелген күнінен бастап 12 ай өткенге дейін олардың шығу тегі туралы тиісті куәлік алу шартымен (СТ-1 нысанындағы сертификатты және қажет болған жағдайда тауардың шығарылған елін растайтын басқа да құжаттарды ұсыну) осы Ереженің 5.3-тармағында көрсетілген тауарларға қатысы Келісімге қатысушы мемлекеттердің кедендік аумақтарында еркін сауда режимі қолданылуы (қалпына келтірілуі) мүмкін.

Ескерту. 5-4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.11.2016 № 720 қаулысымен.

---

* «в» тармақшасы егер тауарды жеке тұлға әкеткен (әкелген) жағдайда ғана қолданылады.

** егер осы Ереженің 5.1-тармағының «а»-«д»-тармақшаларымен көзделген шарттардың біреуі орындалмаса, өтінім берушінің (декларанттың) өтініші бойынша уәкілетті орган әкету елінің ұлттық заңнамасына сәйкес жалпы нысандағы (СТ-1 аббревиатурасыз) тауардың шығу тегі туралы сертификаттар береді. Бұл жағдайда тауар Келісімге қатысушы мемлекеттің кедендік аумағында еркін сауда режимін қолдана алмайды.

## 6-бөлім. Тауарлардың шығарылған елін растау

6.1. Еркін сауда режимін ұсыну мақсатында Келісімге қатысушы нақты мемлекетте тауардың шығарылған елін растау үшін әкелуші елдің кеден органына СТ-1 нысанындағы сертификаттың (сертификаттың және оның қосымша парағының бланктері осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісінше 2 және 3-қосымшаларда ұсынылған) немесе тауардың шығарылғаны туралы декларацияның түпнұсқасын ұсыну қажет.

Әкелуші елдің орталық кеден органы мен әкетуші елдің орталық уәкілетті органы арасында жеке хаттамамен ресімделген тауарлардың шығарылуын электронды сертификаттау жүйесін қолдану туралы уағдаластық болған жағдайда, тауар электронды түрде кедендік декларацияланған кезде әкелуші елдің кеден органы СТ-1 нысанындағы сертификаттың қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасын ұсынбауы мүмкін. Бұл ретте, осындай сертификаттың деректемелері тауарларға берілетін декларацияда көрсетілуге тиіс.

Әкелуші елдің кеден органы тауарлардың шығарылған елі туралы мәлімделген

мәліметтердің дұрыс болмауы не тиісті түрде расталмауы мүмкін екенін көрсететін белгілерді анықтаған жағдайда, СТ-1 нысанындағы сертификаттың қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы әкелуші елдің кеден органының талабы бойынша ұсынылуға тиіс.

Тауарлардың шығарылуын электронды сертификаттау жүйесін құру және қолданудың жалпы қағидаттары осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын 4-қосымшада жазылған Тауарлардың шығарылуын электронды сертификаттау жүйесін құру және қолдану туралы ережеде айқындалған.

Ескерту. 6-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147 қаулысымен .

6.2. Еркін сауда режимін ұсыну мақсатында әкелінетін тауардың шығарылған елін растайтын құжат ретінде Келісімге қатысушы мемлекетте шығарылатын және тауарлардың бір партиясында декларацияланатын мұндай тауарлардың жалпы құны 5000 (бес мың) АҚШ долларына балама сомадан аспаса, тауардың шығу тегі туралы декларация берілуі мүмкін.

Тауарлардың жалпы құны АҚШ долларынан өзгеше валютада декларацияланған жағдайда, валюта сомасын АҚШ долларымен қайта есептеу үшін әкелуші елдің ұлттық заңнамасына сәйкес кеден органы кеден декларациясын тіркеген күніндегі валюта бағамы қолданылады.

Тауардың шығарылған елін растайтын құжат ретінде тауардың шығу тегі туралы декларация берілсе және мұндай декларацияда тауардың шығарылған елі туралы мәлімделген мәліметтер анық емес болып табылатынын білдіретін белгілер анықталған жағдайда, әкелуші елдің кеден органының дәлелді талабы бойынша СТ-1 нысанындағы сертификат ұсынылады.

Тауардың шығу тегі туралы құжаттарды тапсыру міндетті болып табылмайтын жағдайлар Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады.

Тауардың шығу тегі туралы декларацияның көшірмесі, сондай-ақ онымен байланысты тауардың шығу тегін растайтын кез келген құжаттар тауардың шығу тегі туралы декларация жасалған күннен бастап экспорттаушыда кемінде 3 жыл сақталады.

Ескерту. 6-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.11.2016 № 720 қаулысымен .

6.3. Келісімге қатысушы мемлекеттерден тауарлар шығарылатын кезде уәкілетті орган СТ-1 нысанындағы сертификатты береді.

Ескерту. 6-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147 қаулысымен .

6.4. СТ-1 нысанындағы сертификат тауардың бір легіне ресімделеді және беріледі.

СТ-1 нысанындағы сертификатты еркін сауда режимін беру мақсатында қолдану мерзімі ол берілген күнінен бастап 12 айға шектелген.

6.5. Келісімге қатысушы мемлекеттер СТ-1 нысанындағы сертификаттар

бланкілерінің үлгілерімен, сертификаттарды куәландыруға құқығы бар тұлғалардың қол қою үлгілерімен, уәкілетті органдардың мөр бедерлерімен, сондай-ақ уәкілетті органдардың атаулары мен мекенжайлары туралы ақпарат алмасады. Көрсетілген мәліметтерді бермейінше сертификаттарды еркін сауда режимін ұсыну мақсаттары үшін әкелуші елдің кеден органдары мойындамайды.

6.6. Түпкілікті тауар жіктелетін 9-бағанда тауар позициясы туралы кедендік декларацияда қамтылған мәліметтерден айрықша мәліметтерді қамтитын сертификат ұсынылған жағдайда, импорттаушы/жүкалушы тауардың шығу тегі туралы тиісті қорытындыны немесе Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес берілген, тауардың Келісімге қатысушы мемлекетте жеткілікті өңдеуге/қайта өңдеуге ұшырағанын анық куәландыратын сараптама актісін ұсынғаннан кейін еркін сауда режимін беру мүмкіндігі туралы мәселені әкетуші елдің кеден органы шешеді.

6.7. СТ-1 нысанындағы сертификаттың немесе онда қамтылған мәліметтердің мінсіздігіне қатысты күдіктер туындаған жағдайда тауарларды әкелуші елдің кеден органы СТ-1 нысанындағы сертификатты куәландырған уәкілетті органға (ұйымға) немесе тауар шығарылған елдің құзыретті органдарына СТ-1 нысанындағы сертификаттарды қарапайым іріктеп тексеруге байланысты өтінішті қоса алғанда, қосымша не нақтылаушы мәліметтерді хабарлау туралы дәлелді өтінішпен жүгіне алады, оған жауап өтініш жасалған күнінен бастап 6 ай ішінде берілуге тиіс.

6.8. СТ-1 нысанындағы сертификаттарды беру туралы нұсқаулық құжатты орталық уәкілетті орган әзірлеп, бекітеді немесе ол Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген өзге тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

Ескерту. 6-8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147 қаулысымен .

## 7-бөлім. Тауардың шығу тегі туралы СТ-1 нысанындағы сертификатты толтыру талаптары мен тәртібі

7.1. СТ-1 нысанындағы сертификат баспа түрінде орыс тілінде, типографиялық тәсілімен дайындалған тығыздығы кемінде 25 г/м$^2$, А4 (210х297 мм) пішіміндегі арнайы қорғалған бланкіде ресімделеді.

7.2. СТ-1 нысанындағы сертификаттың көшірмесі, сондай-ақ тауардың шығу тегін растайтын онымен байланысты кез келген құжаттар сертификатты берген уәкілетті органда кемінде 3 жыл сақталады.

СТ-1 нысанындағы сертификаттың түпнұсқасы оны осы Ережеге сәйкес ұсыну қажет болған жағдайда, әкелуші елдің кеден органында ұсынылған күнінен бастап кемінде үш жыл сақталады.

Ескерту. 7-2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147 қаулысымен .

7.3. Сертификатта адамдардың қол қоюының факсимилесін пайдалануға, тазартулардың, сондай-ақ белгіленген тәртіппен куәландырылмаған түзетулердің және/немесе толықтырулардың болуына жол берілмейді.

Сертификатқа түзетулер және/немесе толықтырулар қате ақпаратты сызып тастау және түзетілген мәліметтерді үстінен теру немесе қолдан жазып енгізу жолымен енгізіледі, олар уәкілетті адамның қолымен немесе СТ-1 нысанындағы сертификатты берген уәкілетті органның (ұйымның) мөрімен куәландырылады.

7.4. СТ-1 нысанындағы сертификатты толтыру мынадай талаптарға жауап беруі тиіс :

1-баған[1] — «Жүк жөнелтуші/экспорттаушы (атауы және мекенжайы)». Бағанды толтыру кезінде жүк жіберуішнің/экспорттаушының мемлекеттік тіркелгені туралы куәлікке не жүк жіберушінің/экспорттаушының нақты орналасқан жерін растайтын құжатқа сәйкес оның атауын көрсетуге рұқсат беріледі.

Егер жүк жөнелтуші мен экспорттаушы әртүрлі заңды тұлғалар болып табылған жағдайда, жүк жөнелтуші (атауы мен мекенжайы) экспорттаушының (атауы мен мекен-жайы) «тапсырмасымен» әрекет еткенін көрсету керек;

2-баған[1] - «Жүк жөнелтуші/экспорттаушы (атауы және мекенжайы)». Бағанды толтыру кезінде жүк жіберушінің/экспорттаушының мемлекеттік тіркелген туралы куәлікке не жүк жіберушінің/экспорттаушының нақты орналасқан жерін растайтын құжатқа сәйкес оның атауын көрсетуге рұқсат беріледі.

Егер жүк алушы мен импорттаушы әртүрлі заңды тұлғалар болып табылған жағдайда, жүк алушы (атауы мен мекенжайы) импорттаушының (атауы мен мекенжайы ) "тапсырмасымен" әрекет еткенін көрсету керек;

3-баған - «Көлік құралдары мен жүру бағыты (бұл қаншалықты белгілі екендігіне қарай)». Көлік құралдары мен жүру бағыты қаншалықты белгілі екендігіне қарай көрсетіледі;

4-баған — сертификаттың тіркеу нөмірі, сертификат берген ел және осы сертификат арналған ел көрсетіледі.

Тіркеу нөмірін қолдан жазып енгізуге немесе мөртабанмен қоюға жол беріледі;

5-баған - «Қызметтік белгілер үшін». Тауарды әкелетін, транзиттейтін және/немесе алатын елдердің мемлекеттік бақылаушы органдарының қызметтік белгілері теріліп басылады, қолдан жазылады немесе мөртабанмен қойылады, сондай-ақ қажет болған кезде мынадай: «Телнұсқа», «Сертификаттың орнына берілген», «Кейіннен берілген», сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да жазбалар енгізіледі.

Осы бағанға қолдан жазылып енгізілетін жазбалар осы Ереженің 30-тармағының екінші абзацында көзделген тәртіппен расталады;

6-баған - «Нөмірі». Тауардың реттік нөмірі көрсетіледі;

7-баған - «Орын саны мен орам түрі». Орын саны мен орам түрі көрсетіледі;

8-баған - "Тауардың сипаты". Тауардың коммерциялық атауы және кедендік ресімдеу мақсаттары үшін мәлімделгенге қатысты тауарды анық бірдейлендіру жүргізуге мүмкіндік беретін басқа да мәліметтер көрсетіледі.

8-бағанды толтыру үшін орын жеткіліксіз болған жағдайда, белгіленген тәртіппен толтырылатын (қол қоюмен, мөрмен куәландырылған және сертификаттың 4-бағанында көрсетілген тіркеу нөмірі) тауардың шығу тегі туралы қосымша парақты ( парақтарды) қолдануға рұқсат етіледі.

Барлық тауарлар бір тауар позициясында жіктелуі және шығу тегінің бірдей өлшемдері болуы шартымен атауларының қомақты номенклатуралық тізбесі бар тауарлар легін алып өткен жағдайда, сертификаттың қосымша парағын (парақтарын) ресімдеудің орнына тауарлардың толық тізбесі келтірілген тауардың ілеспе құжатын ( шот-фактура, шот-проформа, көліктік жүкқұжат/коносамент не тауардың сандық сипатын көрсететін өзге құжат) пайдалануға жол беріледі. Бірінші парағында тиісті сертификаттың тіркеу нөмірі мен берілген күні қойылатын бұл тауардың ілеспе құжатын әкелуші елдің кеден органы сертификатпен бір мезгілде береді. Тауардың ілеспе құжатындағы тауарлардың шығу тегі туралы мәліметтерді сертификатты берген уәкілетті орган куәландырады. Бұл ретте сертификаттың 8-бағанында оның деректемелері мен парақ саны көрсетіле отырып, тиісті тауардың ілеспе құжатына сілтеме жасалады, ол мыналардан тұрады:

9-баған - «Шығу тегінің өлшемі». Тауардың шығу тегінің мынадай өлшемдері көрсетіледі:

«П» — Келісімге қатысушы мемлекетте толығымен өндірілген тауар;

«Д1905» - түпкілікті өнімнің СЭҚ ТН бойынша тауар позициясы кодының алғашқы төрт саны көрсетіле отырып, жеткілікті өңдеуге/қайта өңдеуге ұшыраған тауар, мысалы - 1905;

«К» - шығарылған елі кумулятивтік принцип негізінде айқындалған тауар.

Егер сертификатта СЭҚ ТН бойынша әртүрлі тауар позицияларында жіктелетін және шығу тегінің өлшемдері әртүрлі тауарлар мәлімделсе, онда 9-бағанда шығу тегінің өлшемдері барлық мәлімделген тауарлар үшін сараланып көрсетіледі;

10-баған – «Тауар саны». СЭҚ ТН сәйкес тауардың сандық сипаттамалары өлшем бірліктермен көрсетіледі. Жеткізілген тауардың нақты саны сертификатта көрсетілген санның 5 %-ынан артық болмауға тиіс.

Егер тауардың сандық сипаттамалары СЭҚ ТН сәйкес килограммен көрсетілуге тиіс болса, сертификатта бастапқы буып-түюі ескерілген таза салмағы көрсетіледі, ол тұтынғанға дейін тауардан ажыратылмайды және онда тауар бөлшек саудада сату үшін жеткізіледі.

Жүк бір жүк жөнелтушіден екінші сол бір жүк алушыға баратын кезде сертификатты ұзақ мерзімге сыртқы сауда шарттары/мәмілелері бойынша мерзімді басылымдарға берген жағдайда, бағанды толтыру міндетті емес. Бұл ретте еркін сауда

режимі әкелінген мерзімді басылымдардың нақты саны бойынша ұсынылады;
11-баған - «Шот-фактураның нөмірі мен күні». Шот-фактура немесе шот-проформа немесе тауардың қаржылық және/немесе сандық параметрлерін көрсететін өзге де құжат (жүк бір жүк жөнелтушіден екінші сол бір жүк алушыға баратын ұзақ мерзімді сыртқы сауда шарттарын/мәмілелерін жүзеге асыру кезінде бағанды толтыру міндетті емес) туралы мәліметтер көрсетіледі.

12-баған — «Куәлік». Уәкілетті орган (ұйым) толтырады және оның атауы, мекенжайы, мөрі және сертификаттың берілген күні, сондай-ақ сертификатты куәландыруға уәкілеттік берілген адамның қолы, тегі және аты-жөні қамтылады.

Күнін, сондай-ақ уәкілетті адамның тегін және аты-жөнін қолмен жазуға немесе мөртабанмен қоюға рұқсат етіледі.

13-ба5ан — «Өтініш берушінің декларациясы». Тауар толығымен өндірілген не жеткілікті өңдеуге/қайта өңдеуге ұшыраған ел, тауардың шығарылған елі туралы мәліметтердің декларацияланған күні көрсетіледі, сондай-ақ өтініш берушінің мөрі, қолы қойылып, өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының тегі және аты-жөні жазылады.

Күнін, сондай-ақ уәкілетті адамның тегін және аты-жөнін қолмен жазуға немесе мөртабанмен қоюға рұқсат етіледі.

Тауарды Келісімге қатысушы мемлекеттердің бірінің резиденті - жеке тұлғасы әкеткен (әкелген) жағдайда СТ-1 нысанындағы сертификат мынадай ерекшеліктерді ескере отырып толтырылады:

1-баған - жүк жөнелтушінің тегі, аты-жөні мен оның мекенжайы көрсетіледі;

2-баған — деректер болса, жүк алушының тегі, аты-жөні, оның мекенжайы көрсетіледі, сондай-ақ «Еркін өтініш жасау үшін» деген белгі қойылады.

Жүк жөнелтуші мен жүк алушының бір ғана заңды тұлға болуына рұқсат етіледі;

5 және 11-бағандарда деректер болмаған жағдайда, толтырылмаса да болады;

13-баған тауардың шығарылған елі туралы мәліметтер декларацияланған күнді, жүк жөнелтушінің тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, жүк жіберушінің қол қоюымен куәландырылады.

Ескерту. 7-4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 147 қаулысымен.

7.5. Сертификаттың келесі бетіндегі бланкіні толтыруға жол берілмейді.

____________________________

[1] Жүкті жөнелтушінің/экспорттаушының және жүкті алушының/импорттаушының мекен-жайы мен атауы тауар жөнелтумен байланысты (сыртқы сауда шарты/мәмілесі, шот-есебі, кедендік декларация және т.б.), басқада тауардың ілеспе құжаттарында мазмұндалған болса СТ-1 сертификат нысанының 1 және 2 бағанында көрсетіледі

## 8-бөлім. Сертификат берудің қосымша жағдайлары

8.1. СТ-1 нысанындағы сертификат өтініш берушінің (декларанттың) жазбаша өтініші негізінде тауар әкетілгеннен кейін берілуі мүмкін. Бұл жағдайда өтініш беруші (декларант) уәкілетті органға кеденнің тиісті белгісі бар, тауардың нақты әкетілгенін растайтын тауардың ілеспе құжатын қосымша ұсынады[3]. Электрондық декларациялау кезінде шекараны кесіп өткені туралы кеден органының электрондық хабарламасы ұсынылуы мүмкін. Келісімге қатысушы мемлекеттен тауарды әкету кезінде кедендік декларациялау қолданылмайтын жағдайда, уәкілетті органға осындай Келісімге қатысушы мемлекеттің аумағынан тауардың жөнелтілгенін куәландыратын құжаттар ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда СТ-1 нысанындағы сертификаттың 5-бағанында «Кейіннен берілді» деп көрсетіледі.

Ескерту. 8-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.11.2016 № 720 қаулысымен.

8.2. СТ-1 нысанындағы сертификат жоғалған немесе бүлінген жағдайда оның телнұсқасы беріледі. Телнұсқаны беру кезінде «Куәлік» деген 12-бағанда телнұсқа берілген күні, ал "Қызметтік белгілер үшін" деген 5-бағанда «Телнұсқа» деген сөз, СТ-1 нысанындағы сертификаттың жоғалған немесе бүлінген түпнұсқасының нөмірі мен күні көрсетіледі. Сертификаттың телнұсқасы түпнұсқа берілген күнінен бастап күшіне енеді. Еркін сауда режимін ұсыну мақсатында сертификат телнұсқасының қолданылу мерзімі сертификаттың түпнұсқасы берілген күнінен бастап 12 айдан аспайды.

8.3. Қандай да бір себептермен күші жойылған СТ-1 нысанындағы сертификаттың орнына не бұрын берілген сертификатты қайта ресімдеу қажет болған жағдайда өтініш берушінің (декларанттың) жазбаша негіздемесінің негізінде СТ-1 нысанындағы жаңа сертификат берілуі мүмкін. Бұл ретте күші жойылған/қайта ресімделген сертификаттың нөмірі мен күнін көрсете отырып, 5-бағанға мынадай жазба енгізіледі: «СТ-1 нысанындағы сертификаттың орнына берілді». СТ-1 нысанындағы басқа сертификаттың орнына берілген сертификатқа жаңа тіркеу нөмірі беріледі.

8.4. Келісімге қатысушы мемлекеттер шеңберінде өңдеуге/қайта өңдеуге тартылмаған тауарлар кері экспортталған жағдайда, тауардың және оның орамының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сату мен тасымалдауға дайындау жөніндегі операцияларды қоспағанда, СТ-1 нысанындағы алмастырушы сертификаттар берілуі мүмкін.

Тауарларды кедендік бақылауға орналастыра және кейіннен лекті әкелуші елде еркін айналымға шығара отырып, Келісімге қатысушы мемлекеттер аумағына әкелген жағдайда да СТ-1 нысанындағы бір немесе, бірнеше алмастырушы сертификат берілуі мүмкін.

Алмастырушы сертификаттарды әкетуші елдің СТ-1 нысанындағы сертификатының (сертификаттарының) негізінде әкелуші елдің уәкілетті органы (ұйымы) береді.

Бұл ретте алмастырушы сертификаттың 5-бағанына мынадай жазба енгізіледі: « Сертификат СТ-1 нысанындағы сертификат негізінде берілген» (тіркеу нөмірі, күні және сертификатты берген уәкілетті орган көрсетіледі), ал СТ-1 алмастырушы сертификаттың 9-бағанында оның негізінде сертификат берілетін СТ-1 нысанындағы сертификатта көрсетілген шығу тегінің өлшемі көрсетіледі.

Егер алмастырушы сертификат шығу тегінің өлшемі көрсетілмейтін ескі үлгідегі бланкіде ресімделген СТ-1 нысанындағы сертификат негізінде берілсе, 9-бағанға үзік сызық қойылады.

8.5. Тауар Келісімге қатысушы мемлекеттерде өткізілетін көрмелерге/жәрмеңкелерге әкетілген жағдайда, СТ-1 нысанындағы сертификат беруге рұқсат етіледі. Бұл ретте сертификаттың 2-бағанында көрмені/жәрмеңкені ұйымдастыруға жауапты не оның тапсырмасымен әрекет ететін тұлға, ал 5-бағанында көрменің/жәрмеңкенің атауы көрсетіледі. Егер Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында өзгеше көзделмесе, бұл тауарлар үшін еркін сауда режимі осы Ереженің 5.1-тармағына сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттердің резиденттері арасындағы оларды өткізу немесе беру туралы шарт жасалғаннан кейін ұсынылады.

8.6. Тауарларды Келісімге қатысушы бір мемлекеттің аумағынан Келісімге қатысушы екінші мемлекеттің аумағына алып өткен кезде жүк алушы/импорттаушы ретінде тауарларды әкететін жүк жөнелтуші көрсетілетін (сертификаттың 2-бағаны) СТ-1 нысанындағы сертификат берілуі мүмкін. Бұл ретте сертификаттың 2-бағанына мынадай қосымша жазба жазылады: "Кейіннен өткізу үшін". Егер Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында өзгеше көзделмесе, бұл тауарлар үшін еркін сауда режимі осы Ереженің 16-тармағының ережелеріне сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттердің резиденттері арасында оларды өткізу туралы шарт жасалғаннан кейін ұсынылады.

8.7. Келісімге қатысушы мемлекеттер шеңберінде олардың аумағында өндірілген және 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі күшіне енгенге дейін Келісімге қатысушы мемлекеттердің кедендік аумақтарына әкелінген (орналастырылған) тауарларды алып өту кезінде 5-бағанға мынадай: «Тауар ( елдің қазіргі атауы, шығарушының атауы және шығарылған жылы) шығарылған» деген жазба енгізіле отырып, СТ-1 нысанындағы сертификат берілуі мүмкін. Бұл ретте 9-бағанда үзік сызық қойылады, ал 13-бағанда аумағында тауар өндірілген елдің қазіргі атауы көрсетіледі. Тауарды шығарушы (оның атауы, мекенжайы, сондай-ақ тауардың шығарылған жылы) туралы растаушы құжаттар ұсынылған жағдайда, сертификатты Келісімге қатысушы мемлекеттердің кез келгенінде беруге болады.

---

[3] Бұл ретте кедендік орган белгісінің қойылған күні сертификат берілген күннен ертерек болуы керек

## 9-бөлім. СТ-1 нысанындағы сертификатты мойындамау үшін негіздемелер

9.1. Сертификатты тауарларға еркін сауда режимін ұсыну мақсаты үшін әкелуші елдің кеден органдары мынадай жағдайларда:

ұсынылған құжатта тазартып өшіру, түзетілген жері немесе осы Ережеге сәйкес куәландырылмаған түзетулер бар болса немесе қажетті қолдар және/немесе мөрлер болмаса;

сертификатта қойылған мөрлердің бедерлері және/немесе адамдардың қолдары, сондай-ақ СТ-1 нысанындағы сертификатты куәландыруға және беруге уәкілетті органдардың (ұйымдардың) көрсетілген мекенжайлары әкелуші елдің кеден қызметінде бар ақпаратқа сәйкес келмесе;

сертификатта көрсетілген мәліметтер декларацияланатын мәліметтерге сәйкес келмесе немесе декларацияланатынға қатысты тауарды анық бірдейлендіруге мүмкіндік бермесе;

ұсынылған сертификат бланкісі әкелуші елдің кеден қызметінде бар бланк үлгілеріне сәйкес келмесе;

ұсынылған сертификатта сертификатты куәландыруға уәкілетті адамның қол қоюы факсимиле түрінде орындалса;

сертификатта көрсетілген тауар осы Ереженің 5.1-тармағында көзделген шарттарға жауап бермесе;

сертификатта көрсетілген тауар осы Ереженің 5.2-тармағында көзделген жағдайларға жатса мойындамауы мүмкін.

9.2. Әкелуші елдің кеден органдары мойындамаған СТ-1 нысанындағы сертификатты кейіннен олар СТ-1 нысанындағы сертификатты берген уәкілетті органның сертификатта көрсетілген мәліметтерді нақтылайтын тиісті хатының негізінде мойындауы мүмкін.

Қажет болған жағдайда, әкелуші елдің кеден органдары мойындамаған сертификаттың орнына осы Ережеде белгіленген тәртіппен жаңа сертификат берілуі мүмкін.

9.3. Сертификатты әкелуші елдің кеден органдары, мынадай жағдайларда: әкелуші елдің кеден органдары жиынтық мерзімі 6 ай ішінде (алғашқы сұрау салған күннен бастап 3 ай және қайтадан сұрау салған күннен бастап 3 ай) әкелуші елдің немесе тауар шығарылған елдің құзыретті органдарынан (ұйымдарынан) сұратылған сертификатқа қатысты жауап алмаса;

әкелуші елдің кеден органдарында әкетуші елдің құзыретті органдарының (ұйымдарының) сертификаттың берілмегені (қолдан жасалғаны) немесе жарамсыз құжаттар және/немесе дұрыс емес мәліметтер негізінде берілгені туралы расталған мәліметтері болса;

әкелуші елдің кеден органдары жүзеге асырған зерттеулер нәтижелері бойынша

және әкетуші елдің немесе тауар шығарылған елдің құзыретті органдарына (ұйымдарына) әкелуші елдің кеден органдары жіберген сұраулары бойынша алынған ақпарат негізінде СТ-1 нысанындағы сертификат осы Ережеде белгіленген талаптарды бұза отырып берілгені анықталса, жарамды деп танымауы мүмкін.

## 10-бөлім. Қорытынды ережелер

10.1. Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегінің дұрыс ресімделген сертификатын немесе тауардың шығу тегі туралы мәліметті ұсынбау кеден органдарының тауарды кідіртуі үшін негіз бола алмайды.

10.2. Келісімге қатысушы мемлекеттің кеден органы өзінің мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға немесе өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес тауарлары әкелуші елге кіргізуге жатпайтын елде шығарылған деп болжауға жеткілікті негіздемелер болған кезде ғана тауарды өткізуден бас тартуы мүмкін.

Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесіне
1-қосымша

## Орындалған жағдайда тауар орын алған елден шыққан деп есептелетін шарттардың, өндірістік және технологиялық операциялардың ТІЗБЕСІ[3]

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.04.2012 № 561; 24.09.2012 N 1238; 28.03.2013 N 290; 31.12.2013 N 1503; 18.03.2016 № 147; 22.11.2016 № 720 қаулыларымен.

**1-ескертпе**

1.1. Осы Тізбенің алғашқы екі бағанында материалдарды өңдеу/қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнім туралы деректер көрсетіледі. Тізбенің бірінші бағанында СЭҚ ТН бойынша өнімнің коды, екіншісінде - бірінші бағанда көрсетілген кодқа сәйкес өнім сипаттамасы беріледі. Алғашқы екі бағанда сипатталған әрбір нақты өнім үшін оның шығу тегін анықтайтын шарттар, өндірістік немесе технологиялық операциялар (бұдан әрі - шарттар мен операциялар) үшінші бағанда көрсетілген.

Осы Тізбедегі тауарлар СЭҚ ТН бойынша тауар кодымен айқындалады; тауардың атауы пайдалануға жеңіл болу үшін ғана келтірілген.

СЭҚ ТН бойынша "-дан" жалғауы жалғанса, бұл үшінші бағандағы шарттар мен операциялар осы тауар позициясында жіктелген және екінші бағанда көрсетілген тауарларға ғана қолданылатынын көрсетеді.

1.2. Егер бірінші бағанда бірнеше тауар позицияларының нөмірлері немесе топ

нөмірі және осымен бір уақытта екінші бағанда өнімнің жалпы сипаты келтірілген жағдайда, үшінші бағанда көрсетілген тиісті шарттар мен операциялар бірінші бағанда көрсетілген тауар позицияларында СЭҚ ТН-ге сәйкес жіктелетін барлық өнімдерге немесе бірінші бағанда көрсетілген тауар позицияларының кез келгеніне қолданылады.

1.3. Бірдей тауар позициясында жіктелетін тауарлардың бір бөлігіне қатысты бірдей шарттар мен операциялар қолданылып, ал басқа (басқаларына) бөлігіне (бөліктеріне) қатысты өзге шарттар мен операциялар қолданылса, онда екінші бағанда тауарлардың нақты сипаттамасы келтірілетін абзацтардың тиісті саны болады және тиісінше үшінші бағанда сипаттамасы екінші бағанның сол немесе өзге абзацында келтірілген тауарларға қатысты шарттар мен операциялар көрсетіледі.

___________________________

[3]1, 2 ескертпелері Тізбеге енгізілген тауарларға қатысты ғана қолданылады

**2 - е с к е р т п е**

2.1. Осы Тізбенің үшінші бағанында көрсетілген шарттар мен операциялар өнімді дайындау үшін пайдаланылатын шетелден шыққан материалдарға қатысты жүзеге асырылуы тиіс. Үшінші бағандағы шарттармен және операциялармен айқындалған шектеулер, сондай-ақ өнімді дайындау үшін пайдаланылатын шетелден шыққан материалдарға қатысты ғана қолданылады.

2.2. Егер шарттар мен талаптарда өнім шығаруда кез келген тауар позицияларының материалдары пайдаланыла алады деп белгіленген жағдайда, бұл өнім сияқты сол тауар позициясында жіктелетін материалдар шарттар мен операцияларда айқындалуы мүмкін ерекше шектеулерді сақтаған жағдайда пайдаланылуы мүмкін дегенді білдіреді.

2.3. Егер шетелден шыққан материалдардан дайындалған өнім тауар позициясының өзгеруіне орай немесе осы Тізбеге сәйкес оған қатысты ерекше шарттарға немесе операцияларға орай оның қайта өңделуі жүзеге асырылатын Келісімге қатысушы мемлекетте шығарылған мәртебесін алса және содан кейін басқа өнім шығару үшін материал ретінде пайдаланса, онда өнімге қатысты оны дайындау кезінде пайдаланылатын шарттар мен операциялар оған қолданылмайды.

2.4. Элементтер тобынан тұратын немесе бірқатар бөлшектерден жиналған және бірыңғай тауар ретінде СЭҚ ТН бойынша тауарлардың жіктелу ережесіне сәйкес жіктелетін өнім, егер оның барлық құрамдастары осы шарттар мен операцияларды қанағаттандырса, шарттар мен операцияларды қанағаттандыратын ретінде қарастырылуға тиіс.

Егер осы өнім құрамдастарының бір бөлігі шарттар мен операцияларды қанағаттандырып, жартысы қанағаттандырмаса немесе түпкілікті өніммен бірдей тауар позициясына ие болса, онда осы өнім, егер шарттар мен операцияларды қанағаттандырмайтын немесе түпкілікті өніммен бірдей тауар позициясымен құрамдастар құнын түпкілікті өнімнің франк-зауыттық бағасының 15 %-інен аспайтын

жағдайда шарттар мен операцияларды қанағаттандыратын деп саналатын болады.

Осы ереже олар үшін осы Тізбеде басқа шарт көрсетілген тауарларды қоспағанда, барлық жағдайларда қолданылуы мүмкін.

2.5. Осы Тізбенің үшінші бағанында келтірілген шарттар мен операциялар өндірістік немесе технологиялық операцияларды орындаудың ең аз көлемін белгілейді. Белгіленген өндірістік немесе технологиялық операцияларды аз көлемде орындау өнімнің шығу тегін айқындамайды.

2.6. Егер осы Тізбеде келтірілген шарттар мен операцияларда өнім біреуден астам материалдан жасалуы мүмкін екендігі белгіленсе, бұл бір немесе одан астам материал пайдаланылуы мүмкін екенін білдіреді.

Алайда, егер бір шарт немесе операция шеңберінде бір материалға қатысты қандай да бір шектеу және онымен бір уақытта басқа материалдарға қатысты белгіленген басқа да шектеулер болса, онда бұл шектеулер өнімді дайындау кезінде нақты пайдаланылған материалдарға ғана қатысты қолданылады.

2.7. Егер тізімде келтірілген шарттар мен операцияларда өнім белгілі бір материалдан дайындалуға тиіс деп белгіленсе, бұл аталған шарттың өз табиғатына орай осы шарт немесе операция ережесін бұза алмайтын басқа материалдарды пайдалану үшін кедергі болып табылмайтындығын білдіреді. (Мысалы: егер шарттар мен операцияларда дәнді дақылдарын немесе олардан өндірілгендерді пайдалану айрықша ескерілетін болса, бәрі дәнді дақылдарынан өндірілмейтін минералды тұздарды, химиялық және басқа да қоспаларды пайдаланылуға кедергі болмайды).

| СЭҚ ТН коды | Тауардың атауы | Үшінші елдердің тауарын өндірісте пайдалану кезінде тауарға шығу тегі мәртебесін беру үшін қажетті шарттар, өндірістік және технологиялық операциялар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 0201 | Ірі қара малдың жас немесе тоңазытылған еті | 01-топ тауарларынан дайындау |
| 0202 | Ірі қара малдың мұздатылған еті | 01-топ тауарларынан дайындау |
| 0206 | Ірі қара малдың, шошқаның, қойлардың, ешкілердің, жылқылардың, есектердің, қашырлардың немесе лошактардың жас, тоңазытылған немесе мұздатылған тағамдық қосалқы өнімдері | 0201-0206 позициялардан басқа кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 0207 | 0207 ден басқа, кез келген позициялардың материалдарынан тағамдық дайындау | 0105 тауар позициясында көрсетілген үй құсының жас, тоңазытылған немесе мұздатылған еті және қосымша өнімдері |
| 0209 | Арық еттен сылынып алынған шыжғырылмаған немесе басқа тәсілмен алынбаған, жас, тоңазытылған, мұздатылған, тұздалған, судағы, кептірілген немесе ысталған шошқа майы және үй құсының майы | Тұздау, ыстайтын сұйықтықпен өңдеу, кесу, дәмдеуіштерімен (татымын келтірушілермен) және/немесе өсімдік ақуыздарымен араластыру бойынша операцияларды қоспағанда, технологиялық операцияларды орындау кезінде кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 0210 | Тұздалған, тұздық судағы, кептірілген немесе тұздалған ет және тағамдық қосымша ет өнімдері; еттен немесе қосымша ет өнімдерінен жасалған тағамдық ұн | 0201-0206 және 0208 позициялардың етінен және тағамдық қосымша ет өнімдерінен немесе 0207 позициядағы құстардың бауырынан басқа мүшелеп бөлу, сіңірінен ажырату, кесу, дәмдеуіштермен (татымын келтірушілермен) және/немесе өсімдік ақуыздарымен және/немесе тұзбен араластыру бойынша, етті піскілеу әдісімен тұздау, мүшелеп бөлінбеген етті бөліктерге бөлу, үй құсының етін механикалық мүшелеп бөлуді дайындау, сондай-ақ ыстайтын сұйықтықпен өңдеу бойынша операцияларды қоспағанда, технологиялық операцияларды орындау кезінде кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 0402 | Қоюлатылған немесе қант немесе басқа да тәттілейтін заттар қосылған сүт және кілегей | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, дайын өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 40 % дан аспауы тиіс |
| 0408 | Құстардың қабықсыз жұмыртқалары мен сары уыздары, жас, кептірілген буға немесе ыстық суға пісірілген пішінделген, мұздатылған немесе немесе басқа да тәттілейтін заттар қосылып немесе қосылмай басқа да тәсілмен консервіленген | 0407 00 позициядағы құстардың жұмыртқаларын қоспағанда, кез келген позициялардың қант материалдарынан дайындау |
| 0506 | Өңделмеген, майсыздандырылған бастапқы өңдеуге ұшыраған (пішін берілместен), қышқылмен өңделген немесе желатинделген сүйектер және мүйіздің өзектері | Дайындау, ол кезде 02-топтың материалдары пайдаланылады |
| 0710 40 000 | Қант жүгерісі (шикі немесе суға немесе буға пісірілген), мұздатылған | Жас немесе тоңазытылған қант жүгерісінен дайындау |
| 0711 90 300 | Қысқа мерзімге сақтау консервіленген, бірақ мұндай тікелей тамаққа пайдалану жарамсыз қант жүгерісі | Жас немесе тоңазытылған қант жүгерісінен дайындау |
| 0901 дан | Кофеинмен немесе кофеинсіз қуырылған кофе ; кез келген үлесте құрамында кофесі бар кофе алмастырғыштар | Рецептура құрастыру мен қуыру бойынша технологиялық операцияларды орындау шарты кезінде кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 0902 | Дәмдік иісті қоспалары бар немесе оларсыз шай | Рецептура мен аралас қоспаны жасау бойынша технологиялық операциялардың орындау шарты кезінде 0902 позициясының материалдарынан дайындау, алайда барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 1106 10 000 | Майда және ірі тартылған ұн және 0713 тауар позициясының бұршақ көкөністерінен жасалған ұнтақ | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 1301 | | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау, ол кезде 1301 позицияның |

| | | |
|---|---|---|
| | Табиғи тазаланбаған малшайыр; табиғи камедтер, шайырлар, гуммишайырлар және сұйық шайыр (мысалы, бальзамдар) | пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 1501-ден | Сүйек майы немесе қалдықтардан алынған тоң майлар | 0203, 0206 немесе 0207 немесе 0506 позициялар материалдарын қоспағанда, кез келген позиция материалдарынан дайындау; шошқа етінен немесе 0203 немесе 0206 позицияларының қосымша өнімдерінен немесе еттен не 0207 позициясының құс етінің қосымша өнімдерінен дайындау |
| 1502-ден | Сүйек тоң майы немесе қалдықтардан алынған тоң май | 0201, 0202, 0204 немесе 0206 немесе 0506 позицияларының материалдарын қоспағанда, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 1504-1506 00 000 | Балықтардан немесе теңіз сүт қоректілерінен алынған тоң майлар, майлар және олардың фракциялары, тазартылмаған немесе тазартылған бірақ олардың химиялық құрамы өзгертілмеген тазартылған тоң май және одан алынатын тоң май заттары (ланолинді қоса алғанда); өзге де жануарлардың тоң майлары мен майлары және олардың фракциялары тазартылмаған немесе тазартылған бірақ олардың химиялық құрамы өзгертілмеген | Төмендегі технологиялық операцияларды орындау шарты кезінде, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау:<br>- қорыту;<br>- булау;<br>- тазалау |
| 1507-1515-ден | Тазартылған өсімдік майлары тазартылған немесе тазартылмаған бірақ химиялық құрамы өзгертілмеген өсімдік майларының фракциялары | Мамандандырылған жағдайында тазарту фракциялау бойынша операциялар, бұл ретте гидратацияның жеке операциясы тауардың шығу статусын беру үшін жеткілікті болып табылмайды |
| 1602 | Еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан жасалған дайын немесе консервіленген өзге де өнімдер | Мүшелеу, мүшелеп бөлу, жіліктен айыру, кесу, араластыру, оның ішінде механикалық мүшелеп бөлуге жататын үй құсының еті, дәмдеуіштермен (татымын келтірушілермен), және/немесе өсімдік ақуыздарымен және/немесе тұзбен жасау жөніндегі операцияларды қоспағанда, технологиялық операцияларды орындау кезінде 02-топтың материалдарынан дайындау, піскілеу әдісімен етті тұздау, мүшеленбеген етті бөлшектеу операциялары, сондай-ақ механикалық мүшелеп бөлу арқылы үй құсының етін дайындау жөніндегі операциялар |
| 1701 | Құрғақ немесе қызылша қанты және қатты түрдегі химиялық таза сахароза | Технологиялық операцияларды орындау кезінде кез келген позициялардың материалдарынан клерлеу, сатурация, сульфитация, фильтрация және басқа да кейінгі операциялар (құрақ және қызылша қанты үшін) бойынша (құрақ қант үшін) дайындау |
| 1702 50 000, 1702 90 100 | Химиялық таза фруктоза; Химиялық таза мальтоза | Кез келген позиция материалдарынан оның ішінде 1702 позицияның басқа да материалдарынан дайындау |
| | | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда дайын өнімдікіндей позицияда |

| | | |
|---|---|---|
| 1806 | Шоколад және құрамында какао өзге де дайын тағам өнімдері | пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 1905 | Құрамында какаосы бар немесе жоқ, нан, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, пирожныйлар, печенье және өзге де нан-тоқаш және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер; фармацевтикалық мақсаттарда пайдалану үшін жарамды вафель пластиналар, бос капсулалар, жапсыру үшін қажетті вафельді қабықтар, күріш қағазы және ұқсас өнімдер | Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2009 | Жеміс шырындары (жүзім ашытқысын қоса алғанда) және көкөніс шырындары, ашытылмаған және құрамында қосымша спирт жоқ, қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, дайын өнімдікіндей позицияда материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс және араластыру (көп құрамбірлікті шырындар үшін), гомогенизациялау (құрамында жұмсақ езбесі бар шырындар үшін), деаэрациялау, ыстықтай өңдеу ( пастеризация, стерилизация) және басқадай ретінде осындай технологиялық операцияларды қалпына келтіруден басқаларды орындау кезінде |
| 2101 11-ден | Еритін кофе | Негізгі технологиялық операциялар: қуыру, ұсату , айырып алу және концентрациялау (немесе кептіру) кешенін орындау кезінде 0901 және 2101 11 позицияларындағы материалдардан дайындау. Бұл ретте, дайын өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2101 12 | Сығындылар, эссенциялар немесе кофе концентраттары негізіндегі немесе кофе негізіндегі дайын өнімдер | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, дайын өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2101 30 910 | Сығындылар, эссенциялар және қуырылған цикорийдің концентраттары | Ұсату, айырып алу және концентрациялау сияқты негізгі технологиялық операцияларының орындау шарты кезінде дайындау |
| 2103 30 900 | Дайын қыша | Қыша ұнтағынан дайындау |
| 2106-дан | Хош иісті дәмі бар немесе бояғыш заттар қосылған қант шәрбаттары | Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2106 90 200 | Сусындар өндіру кезінде пайдаланылатын құрамдас спирттік жартылай фабрикаттар | Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2106 90 980-нен | Тамаққа пайдалану үшін жарамды жануарлар немесе өсімдік майларынан немесе майлардан немесе олардың фракцияларынан жасалған майлылығы 15%-дан астам сүт майларын құрайтын қоспалар немесе дайын өнімдер | 0405, 1501-1516 позицияларының материалдарынан дайындау. Алайда 1511 және 1513 тауар позицияларының пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы тиіс |
| | | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, дайын өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс және |

| | | |
|---|---|---|
| 2202 90 100-ден | Бал шырындар | араластыру (көп компонентті шырындар үшін), гомогенизациялау (құрамында жұмсақ езбесі бар шырындар үшін), деаэрациялау, ыстықтай өңдеу ( пастеризация, стерилизация) және басқадай ретінде осындай технологиялық операцияларды қалпына келтіруден басқаларды орындау кезінде |
| 2204 | Табиғи жүзім шарабы, күшейтілгенді қоса алғанда; 2090 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа сығынды жүзім шырыны | Араластыру, сүзгіден өткізу және басқа да кейінгі операциялар бойынша технологиялық операциялардың орындалуы шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2204 позицияның пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2205 | Өсімдіктер немесе хош иісті заттар қосылған вермуттар және өзге де табиғи жүзім шараптары | Араластыру, сүзгіден өткізу және басқа да кейінгі операциялар бойынша технологиялық операциялардың орындалу шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2206 00 | Өзге де ашытылған сусындар (мысалы, сидр, перри немесе алмұрт сидрі, бал сусыны); басқа жерде аталмаған ашытылған сусындардан жасалған қоспалар мен ашытылған сусындардың және алкогольсіз сусындардың қоспалары | Араластыру, сүзгіден өткізу және басқа да кейінгі операциялар бойынша технологиялық операциялардың орындалу шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. |
| 2208-ден | Жүзім дистилляттары; ликерлер мен құрамында жүзім дистиляттары бар басқа да спирттік сусындар; коньяк | Араластыру, сүзгіден өткізу және басқа да кейінгі операциялар бойынша технологиялық операциялардың орындалу шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, өнімдікіндей позицияда пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2309 | Жануарларды азықтандыру пайдаланылатын өнімдер | Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2403 11 000, 2403 19 | Құрамында кез келген үлесте темекі алмастырғыштары бар немесе жоқ шегуге арналған темекі | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2403 позициясының пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 25-топтың | Қолданылатын ережелер одан әрі жазылатын 2519, 2523, 2524, 2525-тің 2504, 2515 12 500, 2516, 2518 позициядағы өнімдерден басқа, тұз, күкірт, топырақ және тас, сылақ материалдары , әктас | Өңдеу/қайта өңдеу технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайында кез келген позициядағы материалдардан дайындау; көмірмен байыту, тазарту, қатты қиыршықтарды үгіту, кесу, кальцийлендіру |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2504 | Табиғи графит | Көміртегінің құрамын байыту, шикізатты тазалау және ұсату |
| 2515 12 500 | Мәрмәр мен жарлауық немесе әк таутезегі блоктарға арамен кесілген немесе өзге тәсілмен бөлінген немесе қалыңдығы 4 см-дан асатын, бірақ 25 см-дан аспайтын тік бұрышты (төрт бұрыштыны қоса алғанда) нысандағы тақталар | Қалыңдығы 25 см-ден асатын тас блоктарды аралап кесу немесе басқа тәсілмен бөлу |
| 2516 | Өзгедей ірі ұсақталған немесе ұсақталмаған, араланған немесе араланбаған, немесе блоктарға немесе тік бұрышты нысандағы тақталарға (төрт бұрышты қоса алғанда) басқа тәсілмен бөлінген ескерткіштер немесе құрылыс үшін арналған гранит, порфир, базальт, құмтас және тас | Тас блоктарды аралап кесу немесе басқа тәсілмен бөлу |
| 2518 | Кальцийлендірілген немесе кальцийлендірілмеген, күйежектелген немесе күйежектелмеген, ірі ұсақталған немесе араланған доломитті қоса алғанда, немесе басқа да тәсілмен тік бұрышты (төрт бұрыштыны қоса алғанда) нысандағы блоктарға немесе тақталарға бөлінген доломит ; доломитті нығыздаушы қоспа | Ұсақтау, аралау, ұату; кальцийлендірілмеген доломит үшін - кальцийлендіру |
| 2519-дан | Ұсақталған және саңылаусыз тығындалған ыдыстарға салынған табиғи магний карбонаты (магнезит), электрмен балқытылған магнезиден және күйежектелгенге дейін күйдірілген (кесектендірілген) магнезиден басқа, магний тотығы | Бұл жағдайда табиғи магний карбонатынан ( магнезит) басқа, барлық пайдаланылатын заттар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс дайындау |
| 2523 | Цемент | Шикізат материалдарын өндіру, ұсақтау, тарту, шикізат материалдарын күйдіру, цемент клинкерін салқындату және тұтқыр материалдарды тарту процестерін қамтитын өндіру технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайында кез келген позициядағы материалдардан дайындау |
| 2524 | Асбест | Асбестік минералдан асбест (0-6) дайындау |
| 2525 | Слюда, оның ішінде қатпарланған слюда қалдықтары | Ыдырату, кесінді, уату |
| 2707 50 100 | Отын ретінде пайдалану үшін ASTM D86 әдісі бойынша температурасы 2500С кезінде айдалатын 65 көл. %-дан немесе одан астам ( шығындарды қоса алғанда) өзге де хош иісті көмірсутектес қоспалар | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшелінетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бір өнімнің құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| 2709 00 | | Битуминозды материалдарды пирогендік айдау және битуминозды минералдарды деструктивтік |

| | | |
|---|---|---|
| | Битуминозды жыныстардан алынған шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері | айдау жөніндегі технологиялық операциялардың орындалуы шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 2710-нан | Шикілерін қоспағанда, битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген құрамында 70 сал. %-дан немесе одан да астам мұнай немесе мұнай өнімдері бар битуминоздық жұмыстардан алынған, оның үстіне бұл мұнай өнімдері негізгі құрама өнімдер болып табылады | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| 2711 | Мұнай газдары және өзге де газ тәрізді көмірсутектер | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| 2712 | Мұнай вазелині; боялған немесе боялмаған синтез нәтижесінде алынған, микрокристалданған парафин, мұнай балауызы, парафин гачі, озокерит, құба көмірлі балауыз, шымтезек балауызы, өзге де минералды балауыздар және ұқсас өнімдер | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| 2713 | Битуминозды жыныстардан алынған мұнай коксы, мұнай битумы және мұнай және мұнай өнімдерін қалған өзге де қалдықтар | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| 2714 | Табиғи битум және асфальт: битуминозды тақтатастар немесе тақтатас майы және битуминозды құмтастар; асфальтиттер және асфальтты жыныстар | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| 2715 00 000 | Табиғи асфальттарын, битумның, мұнай битумының, минералды шайырлардың немесе минералды шайырлар күлінің жасалған битуминозды (мысалы, битумды мастиктар, жолды төсеуге арналған асфальт қоспалары) | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, бұйым құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен дәл сол позицияның материалы пайдаланылуы мүмкін |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 28-топтан | Бейорганикалық химия өнімдері: бейорганикалық немесе органикалық бағалы металдар, сирек кездесетін жер металдары, радиоактивті элементтер немесе 2811 29 100, 2818 20 000. 2821 20 000, 2833 22 000 кіші субпозициялардағы және 2844 10-нан, 2844 20 -дан субпозицияларындағы тауарлардан басқа изотоптар, олар үшін қолданылатын қағидалар бұдан әрі жазылған | Оларды дайындау кезінде пайдаланылатын барлық материалдар өнім позициясынан өзгеше позицияларда жіктелуі тиіс. Алайда бірдей позициялардың материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 20%-ынан аспайды деген шартпен пайдаланыла алады |
| 2811 29 100-ден | Күкірт тотығы (VI) (күкіртті ангидриді) | Қос тотықты күкірттен дайындау |
| 2818 20 000 | Жасанды корундтан ерекшеленетін алюминий оксиді | Өңдеу/қайта өңдеу технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайларында кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 2821 20 000 | Минералды бояғыштар | Жер бояуларын күйдіру немесе ұнтақтау |
| 2833 22 000 | Алюминий сульфаты | Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс дайындау. |
| 2844 10 | Табиғи уран және оның қосындылары | Қайта өңдеу технологиясына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайларында 2844 30 позициясының материалынан (уран, уранмен қосылған – 235 және оның қосындылары) жасау ( уран изотопы бойынша байыту – 235) |
| 2844 20-дан | 235-уранмен байытылған уран және оның қосылыстары | Қайта өңдеу технологияларына сәйкес мамандандырылған өндіріс жағдайларында 2844 10 және 2844 30 позицияларының материалдарынан (табиғи уран, 235-уранмен біріктірілген уран және олардың қосылыстары) дайындау (235-уранмен изотоп бойынша байыту) |
| 29-топтан | Олар үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын, 2901, 2902, 2905 19 000, 2915, 2932 99 700, 2932 99 850, 2933, 2934 позицияларының қосылыстарынан басқа, органикалық химиялық қосылыстар | Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, өнім сияқты позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шарттымен қолданылуы мүмкін |
| 2901-ден | Отын және жанармай ретінде пайдалануға арналған ациклдық көмірсутектер | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс басқа да операциялар. Алайда, материал сияқты позициядағы заттар олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін |
| 2902-ден | Жанармай мен отын реті пайдалануға арналған цикландар мен циклендер (азуленнен басқа), бензол, толуол, ксилолдар | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі бір өңдеулер бойынша операциялар. Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс басқа да операциялар. Алайда, |

| | | |
|---|---|---|
| | | материал сияқты позициядағы заттар олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін |
| 2905 19 000-ден | Металдардың алкоголяттары | Кез келген позицияның материалдарынан, оның ішінде 2905 позицияның басқа да материалдарынан дайындау. Алайда, осы позициялар металдардың алкоголяттары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін. |
| 2915 | Ациклдық монокарбондық байытылған қышқылдар және олардың ангидридтері, галогенангидридтері, пероксидтері және пероксиқышқылдар; олардың галогенденген сульфирленген, нитроленген немесе нитрозирленген туындылары | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда 2915 немесе 2916 позицияларының пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2932 99 000-ден | Басқа құрамында оттегі бар функционалдық топты қамтитын немесе қамтымайтын өзге де циклдік ацеталилер және ішкі гемиацеталилер, және олардың галогенденген, сульфирленген, нитроленген және нитрозирленген туындылары | Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 2932 позициясының басқа да материалдарынан дайындау |
| 2932 99 000-ден | Қарапайым ішкі эфирлер | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2909 позициясының пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2933 | Құрамында тек азот гетероатом(дар)ы бар, гетероциклді қосылыстар | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2932 немесе 2933 позициясының пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 2934 | Химиялық құрамы айқындалған немесе айқындалмаған нуклеин қышқылдары және олардың тұздары; өзге де гетероциклді қосылыстар | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 2932, 2933 немесе 2934 позициясының пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауға тиіс |
| 30-топтан | Олар үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын 3002, 3003, 3005 және 3006 60 тауарларынан басқа фармацевтикалық өнім | Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс дайындау. Алайда, өнім сияқты позицияның материалдары, олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін |
| 3002 | Терапевтикалық, алдын алу немесе диагностикалық мақсаттар да пайдалану үшін дайындалған адам қаны, жануарлар қаны; иммундық сарысуы және қанның басқа фракциялары, түрлендірілген иммунологиялық өнімдер, оның ішінде биотехнология әдістерімен алынған өнімдер: вакциналар, токсиндер, микроорганизмдер себінділері ашытқылардан басқа және ұқсас өнімдер | Кез келген позициялардың даматериалдарынан, оның ішінде 3002 позициясындағы басқа да қан материалдардан дайындау. Алайда позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін |

| | | |
|---|---|---|
| 3003-топтан | Терапевтикалық немесе алдын алу мақсаттарына пайдалануға арналған екі немесе одан көп құрамдас бөліктерден құралған дәрілік заттар (3002, 3005 немесе 3006 тауар позицияларынан басқа), бірақ дозаланған дәрілік нысандар түрінде немесе бөлшек сауда үшін өлшеніп оралмаған: | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда 3003 позицияның пайдаланылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауға тиіс |
| 3005 | Медицинада, хирургияда, стоматологияда немесе ветеринарияда қолдануға арналған, фармацевтикалық заттар сіңірілген немесе қапталған, бөлшек саудамен сату үшін нысандарға немесе орамдарға өлшеніп оралған мақта, дәке, бинттер және ұқсас бұйымдар (мысалы, тану материалы, лейкопластырьлер, припаркалар) | Фармацевтикалық заттарды қоспағанда, кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, 3005 позицияның пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3006 60 | Гормондардың, 2937 тауар позициясындағы басқа қосылыстардың немесе спермицидтердің негізінде жасалған химиялық контрацептивтік құралдар | Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс кез келген позициядағы материалдардан дайындау |
| 31-топ | Тыңайтқыштар | Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, өнімдікі сияқты позицияның материалдары да олардың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін |
| 32-топтан | Олар үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын 3201, 3205 00 000 позицияларының тауарларынан басқа илеу және бояу экстракттары; таниндер және олардың туындылары; бояғыштар, пигменттер және өзге де бояу заттары; сырлар мен лактар ; тығыздағыштар мен өзге де мастикалар; баспаханалық сыр, сия туш | Бұл жағдайда барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуге тиіс кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, өнімдік сияқты позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауы шартымен қолданылуы мүмкін |
| 3201-ден | Танниндер мен олардың тұздары, қарапайым және күрделі эфирлер мен өзге де туындылар | Өсімдіктен алынатын илеу заттарының экстаркттарынан дайындау |
| 3205 00 000 | Түрлі-түсті лактар; осы топқа 3-ескертпеде көрсетілген түрлі-түсті лактардың негізінде жасалған препараттар | 3203 00 және 3204 позициясындағы материалдарды қоспағанда, 3205 00 000 позициясына жататын барлық материалдардың құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауы шартымен кез келген позициядағы материалдардан дайындау |
| 33-топтан | Эфир майлары мен резиноидтар: парфюмерлік , косметикалық немесе дәретхана заттары, олар үшін қолданылатын ереже бұдан әрі жазылатын 3301 позициядағы өнімдерден басқа | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда, дайын өнімдікіндей позицияның қолданылатын материалдарының құны түпкілікті өнім бағасының 40 %-ынан аспауға тиіс |
| | Конкреттерді және абсолюттерді қоса алғанда, эфир майлары (құрамында терпендер бар немесе жоқ) резиноидтер; экстрагирленген эфир майлары; майлардағы, ұшпайтын | Өңдеу/қайта өңдеу технологиясына сәйкес өндірістік жағдайларда арнайы тазарту әдісін қолдана отырып, кез келген позициялардың |

| | | |
|---|---|---|
| 3301 | майлардағы, балауыздағы немесе анфлераж немесе мацераций әдісімен алынатын ұқсас өнімдердегі концентраттар; эфир майлары детерпенизациясының терпендік жанама өнімдері; су дистиляттары және эфир майларының су ерітінділері | материалдарынан, оның ішінде сол позициядағы өзге материалдардан дайындау. Алайда, 3301 позицияда қолданылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасынын 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 34-топтан | Сабын, үстіңгі қабатты белсенді органикалық заттар, жуғыш заттар, майлау материалдары, жасанды және дайын балауыздар, тазарту немесе әрлеуге арналған құрамдар, майшамдар және ұқсас бұйымдар, жабыстыруға арналған пасталар, пластилин, " тіс дәрігері балауызы" және тіс дәрігерлік мақсаттарға арналған гипстің негізіндегі құрамдар, ол үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын 3403 және 3404-тен позициялардың тауарларынан басқа | Дайындау, бұл ретте барлық қолданылған материалдар дайын өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, сол позицияның материалдары олардың құны түпкілікті өнімнің бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен қолданылуы мүмкін. Сабын үшін: мынадай рецептура бойынша<br>- тоңмай жиынтығы;<br>- сабынды қайнату;<br>- сабын жинағы;<br>- суыту мен кептіру;<br>- механикалық өңдеу;<br>- қоспалармен араластыру;<br>- кесу;<br>- мөртаңбалау;<br>- орау технологиялық операциялардың орындалу шартымен кез келген позициялардың материалдарынан дайындау |
| 3403 | Жақпа материалдары (кескіш жабдықтар үшін жақпа-салқындатқыш эмульсияларды, болттар мен гайкаларды бұрауды жеңілдететін құралдарды, татты кетіруге арналған құралдар мен жақпалар негізіндегі бұйымдарды қалыптан алып шығуды жеңілдететін татқа қарсы құралдар мен препараттарды қоса алғанда) және битуминоздық жыныстардан алынған негізгі құрамдас бөліктер ретінде 70 салм. %-дан не одан көп мұнай не мұнай өнімдері бар құралдардан басқа, тоқыма материалдарын, теріні, жүнді жаққымаймен және маймен өңдеу үшін пайдаланылатын құралдар | Олардың құны түпкілікті өнімнің бағасының 50 %-ынан аспауы шартымен сол позицияның материалдарынан дайындау |
| 3404-тен | Парафиндердің, мұнай балауыздарының немесе битуминозды жыныстардан немесе парафинді қалдықтардан алынған балауыздардың негізіндегі жасанды және дайын балауыздар | Тазарту және/немесе бір немесе бірнеше белгілі өңдеулер бойынша операциялар. Өзге де операциялар, бұл ретте барлық қолданылатын материалдар өнім позициясынан айырмашылығы бар позицияда жіктелуі тиіс. Алайда өнімдікіндей позициядағы материалдар, олардың құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауы шартымен қолданылуы мүмкін |
| 35-топтан | Белоктық заттар; өзгертілген крахмалдар; желімдер; ферменттер, олар үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын 3505 10 500, 3505 10 900, 3507-ден позициялардың өнімдерден басқалары | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау, ол кезде барлық қолданылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жектелуі тиіс. Алайда, өнімдікіндей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауы шартымен қолданылуы мүмкін |

| | | |
|---|---|---|
| 3505 10 500 | Қарапайым немесе күрделі эфирге арналған крахмалдар | Кез келген позициялардың материалдарынан, оның ішінде 3505 позициядағы материалдардан дайындау |
| 3505 10 900 | Өзге де өзгертілген крахмалдар | 1108 позициясының материалдарынан басқа, кез келген позициядағы материалдардан дайындау |
| 3507-ден | Басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген ферментті препараттар | Дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 36-топ | Жарылғыш заттар; пиротехникалық бұйымдар ; сіріңкелер; пирофорлық қорытпалар; кейбір жанғыш заттар | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар |
| 37-топтан | Фото- және кино тауарлар, олар үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын 3701, 3702, 3704 00 позициялардағы өнімдерден басқа | Кез келген позициядағы материалдан дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар өнім позициясынан айырмашылығы бар позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, өнімдікіндей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 20% аспаған жағдайда қолданылуы мүмкін |
| 3701 | Фотопластинкалар және қағаз, картон немесе тоқымадан басқа, кез келген материалдардан жасалған жазық сезгіштігі арттырылған жарықтатылмаған (экспонирленбеген фотопленкалар; орамадағы немесе орамасыз, сезгіштігі арттырылған, жарықтатылмаған, мезеттік фотографияларға арналған жазық пленкалар | Дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар 3701 және 3702 позициялардан айырмашылығы бар позицияда жіктелуі тиіс |
| 3702 | Сезгіштігі арттырылған жарықтатылмаған ( экспонирленбеген) қағаз, картон немесе тоқымалық кез келген материалдардан жасалған рулондағы фотопленкалар; мезеттік фотографияларға арналған рулондағы сезгіштігі арттырылған, жарықтатылмаған пленкалар | Дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар 3701-3702 позициялардан айырмашылығы бар позицияда жіктелуі тиіс |
| 3704 00 | Жарықтатылған, бірақ шығарылмаған фотографиялық пластинкалар, пленкалар, қағаз, картон және тоқымалық материалдар | Дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар 3701-3704 00 позициядан айырмашылығы бар позицияда жіктелуі тиіс |
| 38-топтан | Өзге де химиялық өнімдер, олар үшін қолданылатын ережелер бұдан әрі жазылатын 3801 20 100, 3801 30 000, 3803 00, 3805, 3806, 3806 30 000, 3807 00, 3811 21 000, 3823 70 000, 3824 позициялардан басқалары | Кез келген позициядағы материалдан ірі дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар өнім позициясынан айырмашылығы бар позицияда жіктелуі тиіс. Алайда, өнімдікіндей позициядағы материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 20 % аспаған жағдайда қолданылуы мүмкін |
| 3801 20 100 | Май қосылған суспензия түріндегі коллоидті графит; жартылай коллоидті графит | Кез келген позициядағы материалдан дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасынан 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3801 30 000 | Электродтарға арналған көміртек тектес пасталар және пештерді шегендеуге арналған ұқсас пасталар | Кез келген позициядағы материалдан дайындау, бұл кезде барлық 3403 пайдаланылатын материалдардың құны түпкілікті өнім бағасынан 50 %-ынан аспауға тиіс |

| | | |
|---|---|---|
| 3803 00-ден | Тазартылған таллий майы | Тазартылмаған майды тазарту |
| 3805-тен | Скипидарлы сульфаттық, тазартылған май | Тазартылмаған скипидарлы сульфатты, майды дистиляттау немесе тазарту жолымен тазарту |
| 3806-дан | Шайырлы қышқылдардың күрделі эфирлері | Құрамында шайыры бар қышқылдардан дайындау |
| 3807 30 000 | Күрделі эфирлі шайырлар | Құрамында шайыры бар қышқылдардан дайындау |
| 3807 00-ден | Сүректік қара май (өсімдік гудронынан қайнатылған немесе алынған шайыр) | Ағаш қарамайын айдау |
| 3811 21 000 | құрамында битуминоздық жыныстардан алынған, мұнай және мұнай өнімдері бар жақпа майларға қондырғылар | Дайындау, бұл кезде 3811 позициясында пайдаланылатын материалдардың бағасы түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3823 70 000 | Өнеркәсіптік майлы спирттер | Кез келген позициядағы материалдардан оның ішінде майлы қышқылдардан дайындау |
| 3824-тен | Химиялық өнеркәсібінің әртүрлі өнімдері:<br>- табиғи шайырлар негізінде құйма нысандары немесе құйма сырықтарды өндіру үшін дайын байланыстырғыш заттар;<br>- нафтендік қышқылдар, олардың суда ерімейтін тұздары және олардың күрделі эфирлері;<br>- 2905 44 субпозициясындағы сорбиттен басқа, сорбит;<br>- мұнай сульфонаттары, сілті металдарын, аммонийді немесе этаноламиндерді қоспағанда; битуминоздық жыныстар мен олардың тұздарынан алынған майлардың тиофенирленген сульфоқышқылдары;<br>- иониттер;<br>- электр шамдарында немесе электр бұрамаларында вакуумды аяқтау үшін абсорбциялау құрамдары;<br>- газды тазартуға арналған алкализацияланған темір оксидтері;<br>- жарықтандыру газды тазарту нәтижесінде алынатын аммиакты су;<br>- сульфонафтенді қышқылдар мен олардың суда ерімейтін тұздары және олардың күрделі эфирлері;<br>- сивушты май және Джеппель майы [сүйекті];<br>- әртүрлі аниондары бар тұздардың қоспалары;<br>- желатин негізіндегі көшірме пасталары, оның ішінде қағаздан немесе тоқыма материалдарынан жасалған төсеніштерде | Дайындау, бұл кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекшеленетін позицияда жіктелуі тиіс. Алайда өнімдікі сияқты позициядағы материалдар олардың құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-ынан аспауы шартымен пайдаланылуы мүмкін. |
| 3901-3915-тен[4] | Бастапқы нысандардағы полимерлер, қалдықтар, пластмассаның қиықтары мен скрабы:<br>- полиқосындысы бар өнімдер | Дайындау, бұл кезде барлық пайдаланылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс. Алайда 39-топтағы барлық пайдаланылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-дан аспауы тиіс |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3916-3919-дан | Шалаөнімдер немесе пластмассадан жасалған бұйымдар:<br>- беті бойынша өзгеше өңделген немесе квадрат, тікбұрышқа қарағанда өзгеше ашылған жазық бұйымдар;<br>- беті бойынша өзгеше өңделген шалаөнімдер | Дайындау, бұл кезде барлық қолданылатын материалдар құны соңғы өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс. Бірақ 39-топтағы барлық қолданылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 20 %-дан аспауы тиіс |
| 3920 10 250-нен | Қалыңдығы 0,125 мм-ден аспайтын полиэтиленнен жасалған үлес салмағы кем дегенде 0,94, орамдарда салынған суреті және жазылған мәтіні бар пленка және белдіктер немесе ленталар | Кез келген позициялардың материалдарынан дайындау. Алайда дайын өнімдікіндей позицияның пайдаланылатын материалдардың бағасы түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3920 10 280-нен | Қалыңдығы 0,125 мм-ден аспайтын полиэтиленнен жасалған үлес салмағы 0,94 және одан асатын, орамдарда салынған суреті және жазылған мәтіні бар пленка және белдіктер немесе ленталар | Кез келген позициядағы материалдардан дайындалған. Бірақ қолданылатын материалдардың бағасы дайын өнімдегі сияқты позициядағыдай түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |

______________________________

[4] Егерде өнім 3901-3906 және 3907-3911 позицияларында бір мезгілде көрсетілген материалдардан әзірленген болса, осы ереже тек сол өнім санатына, қайсысы әзірленген тауардың салмақты қатынасына бағымдылығы барына қолданылады.

| | | |
|---|---|---|
| 3920 10 890 | Қалыңдығы 0,125 мм-ден асатын, кеуекті емес, арматураланбаған, қабат-қабат емес, төсенішсіз және басқа материалдармен ұқсас әдіспен бірікпеген, этилен полимерлерден жасалған тақтайлар, табақтар, пленкалар және белдіктер немесе өзге де ленталар | Кез келген позициядағы материалдардан дайындау. Бірақ 39-топтағы материалдардың "полимерлік материалдар, пластмассалар мен олардан жасалған бұйымдар" құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3920 20 210 | Қалыңдығы 0,10 мм-ден аспайтын, биаксальды-бағытталған, орамдардағы пропилен полимерлерінен жасалған пленкалар және белдіктер немесе ленталар | Кез келген позициядағы материалдардан дайындалған. Бірақ пайдаланылған материалдардың құны дайын өнім позициясындағыдай түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3921 90 600 | Полиқосындысы өнімдерінен жасалған тақтайлар, табақтар, пленкалар және белдіктер немесе ленталар, өзгелері | Кез келген позициядағы материалдардан дайындау. Бірақ 39-топтағы материалдардың "полимерлік материалдар, пластмассалар мен олар дана жасалған бұйымдар" құны түпкілікті өнім бағасынан 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 3926 | Пластмассадан жасалған басқа бұйымдар және 3901-3914 тауар позицияларының материалдарынан жасалған өзге де бұйымдар | Дайындау, бұл кезде барлық пайдаланылатын материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 4001 | Бастапқы нысандардағы немесе пластиналар , табақтар немесе белдіктер немесе ленталар түріндегі табиғи көксағыз, балата, гуттаперча, гваюла, чикл және ұқсас табиғи шайырлар | Табиғи көксағыз табақтарының қатпарлануы |
| 4005 | Бастапқы нысандардағы немесе пластиналар , табақтар немесе белдіктер немесе таспалар түріндегі вулканизацияланбаған резеңкелік қоспалар | Дайындау, бұл ретте барлық материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |

| | | |
|---|---|---|
| 4012 | Пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар, қалпына келтірілгендер немесе қолданыста болғандар; тегіс немесе жартылай пневматикалық шиналар мен қақпақшалар, резеңке шиналық протекторлар және тоғынша таспалар және бұдан әрі қолданылатын ережелер баяндалатын 4012 11 000-4012 19 000 субпозиция тауарларынан басқа, тоғын таспалары | Дайындау, бұл ретте дайын өніммен бірдей тауар позициясы бар пайдаланылатын шикізаттың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 4012 11 000-4012 19 000 | Қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар | Пайдаланылған шиналарды қалпына келтіру |
| 4 0 1 7 0 0 000 | Барлық нысандардағы қатты резеңке ( мысалы, эбонит), қалдықтар мен сынықтарды қоса алғанда; қатты резеңкеден жасалған бұйымдар | Қатты резеңкеден дайындау |
| 4101-4103-тен | Осы топқа 1б) немесе 1в) ескертпелермен алынып тасталғаннан басқа, түгі немесе жүн жамылғысы болмайтын әр түрлі малдың өңделмеген терісі | Жануарлар терісін түкті алып тастау арқылы қайта өңдеу |
| 4104-4106 | Жүн немесе түкті жабыны болмайтын, қабатталған немесе қабатталмаған, бірақ одан әрі өңделмейтін әр түрлі малдың өңделмеген терісінен иленген тері немесе былғары краст | Былғарыны қайтымсыз илеу операциясынан өткен жануарлар терісінен дайындау |
| 4 1 0 7 , 4112 00 000, 4113 | 4114 тауарлық позициясындағы былғарыдан басқа, жүн немесе түкті жабыны болмайтын, қабатталған немесе қабатталмаған әр түрлі мал терісін илегеннен кейін қосымша өңделген тері | Былғарыны илеу операциясынан өткен және илеуден кейін қайта өңделген терісінен дайындау |
| 4302-ден | Иленген, жинақталмаған немесе жинақталған (басқа материалдарды қоспай) үлбір терілер (бастарды, құйрықтарды, табандарды және өзге бөліктер мен қиқымдарды қоса алғанда) 4303 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа, бүтін, басы, құйрығы немесе аяғы жоқ, жинақталмаған терілер | Құрастырылмай иленген немесе жасанды аң терілерінен дайындау |
| 4403 | Қабығы алынған немесе алынбаған немесе үстіңгі қабатымен, қомақты кесектелген немесе кесектелмеген материалдары | Қабығы аршылған немесе шамалы сыдырылған өңделмеген орман материалдарынан дайындау |
| 4407 | Ұзыннан арамен кесілген немесе жарылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, жылтыратылған немесе жылтыратылмаған, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған, қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын ағаш материалдары | Аралау, сүргілеу, тегістеу, тиектеп жалғау |
| | Желімделген фанер немесе басқа да соған ұқсас қабатты сүрек үшін қаптауға арналған табақтар (қабатты сүректі бөлуден | |

| | | |
|---|---|---|
| 4408 | алынғандарды қоса алғанда) және ұзыннан арамен кесілген, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген , жылтыратылған немесе жылтыратылмаған, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған, қалыңдығы 6 мм-ден аспайтын өзге ағаш материалдары | Қосу (желімдеу), сүргілеу, тегістеу |
| 4409 | Пішінделген ұзын тақтай түріндегі ( иректелген, қиысқан жіктері бар, шпунтталған, шеттері ойылған, жартылай шеңберлі калевкалар түріндегі, қосылысы бар (фасонды, дөгеленген немесе соған ұқсас) кез келген жиек, ұштарындағы немесе тегістіктегі, сүргіленген немесе сүргіленбеген, жылтыратылған немесе жылтыратылмаған, ұштары жалғанған немесе жалғанбаған қылқан жапырақты кесу материалдары (еденді паркетпен жабуға арналған, жиналмаған тақтайшаларды және фриздерді қоса алғанда) | Жоңғылау немесе пішіндеу, тегістеу немесе тиектеп қосу, аралау |
| 4414 00 | Картиналардың, фотосуреттердің айналардың немесе соған ұқсас заттардың жақтаулары | Пішіндеу, жоңғылау, құрастыру |
| 4416 00 000 | Бөшкелер, кішкене бөшкелер, үлкен күбілер , күбілер және өзге де бөшкелік бұйымдар мен қалақты қоса алғанда сүректен жасалған олардың бөліктері | Тіпті екі негізгі жазықтығы бойынша араланған, бірақ өзгеше өңделмегеннен басқа клепкалардан дайындау |
| 4418-ден | Ұсталық және балташылық, ұяшықты ағаш панельдерді қоса алғанда, ағаш, құрылыс бұйымдары, жиналатын қалқанды паркет, гонт және шатырлық кереге шабақ | Ағаш материалдардан пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекше позицияда жіктелетін кезде дайындау керек. Бірақ ағаштан, жабынтақтадан, жабындық қиынды ағаштан жасалған қуыс панельдер пайдаланылуы мүмкін |
| 4421-ден | Өзге де ағаш бұйымдар: Аяқ киімге арналған ағаш шегелер, сіріңке талы | 4409 позициядағы хольцдраттан басқа, кез келген позициядағы ағаштан дайындау |
| 4802 55-тен | Хат, баспа және өзге де графикалық мақсат үшін пайдаланылатын, салмағы 1 $м^2$ 40 г немесе одан асатын, бірақ орамдарда 150 г аспайтын борланбаған офсеттік қағаз | Кез келген позициядағы материалдардан дайындау. Бірақ, дайын өнім позициясындағыдай материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 4802 58 100-ден | Хат, баспа және өзге де графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын, салмағы 1 $м^2$, бірақ орамдарда 150 г аспайтын борланбаған офсеттік қағаз | Кез келген позициядағы материалдардан дайындау. Бірақ, дайын өнім позициясындағыдай материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 4811 59 000 | Жабындысы, сіңірмесі бар немесе пластмассадан ламинацияланған (желімді қоспағанда) қағаз және картон | Кез келген позициядағы материалдардан дайындау. Бірақ, дайын өнім позициясындағыдай материалдар құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
| 4817 | Қағаздан немесе картоннан жасалған конверттер, хатқа арналған кәртішкелер, суретсіз почталық открыткалар мен хат жазысуға арналған кәртішкелер; қағаздан немесе картоннан жасалған қағаз, кеңсе | Дайындау, ол кезде барлық пайдаланылатын материалдар өнім позициясынан ерекше позицияда жіктелуге тиіс. Алайда, пайдаланылатын барлық |

| | | |
|---|---|---|
| | керек жарақтарының жиынтығы құрайтын қораптар, сөмкелер, футлярлар мен компендиумдар | материалдың құны түпкілікті өнім бағасының 50 %-ынан аспауға тиіс |
